Кітап ересектер мен балаларға арналады

ДӘРЕТ АЛУ МЕН НАМАЗ ОҚУДЫ ҮЙРЕНЕЙІК



Асым Уйсал



Редактор: Батыржан Мансұров
Аударған: Бектаева Диляром

Қолдарыңыздағы кітап дәрет алудың үлгісі мен бес уақыт намаз оқудың орындалу тәртібін үйренуге көмектеседі. Сонымен қатар, «Иман негіздері» тұрғысында қысқаша мағлұмат береді.

Кітап ересектер мен балаларға арналады.

Бұл кітап түрік тілінде жарыққа шыққан «Abdest, Gusul, Namaz Ögrenıyorum» кітабы бойынша дайындалды.

КІТАП ЕРЕСЕКТЕР МЕН БАЛАЛАРҒА АРНАЛАДЫ

Дәрет алу мен намаз оқуды үйренейік

Асым Уйсал

Издательская группа САД

Алматы - 2010

بسم الله الرحمن الرحيم

Бисмилләһир-рахманир-рахим

Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын. Барлық мақтау бүкіл әлемнің Раббысы, қиямет күнінің Иесі Аллаһқа тән.

Бисмилләһ

Бисмилләһир-рахманир-рахим

«Аллаһ» - деп басталады айтқан әрбір сөзіміз,
Иманменен орнығады, толысады жүрегіміз.
Тәтті ұйқыға кеткенде,
Таң шуағымен оянып,
«Бисмилләһ» деп айтқызады санамызға тіліміз.

Ас ішер алдында,
Кітап оқу кезінде,
Мектепке барар уақытта,
Достармен ойнап жүргенде,
«Бисмилләһ» деп қайталайды тіліміз.

Қайталаудан тілім менің талмайды,
«Бисмилләһ» деп айтқанда.
Ұлы Аллаһқа жалбарынып,
Күш – қуат Одан алғанда.
Тура жолмен жүргізе гөр Уа, Жаратушы қашанда!

(Асым Көксал)

ИМАН ТҰРҒЫСЫНДА ҚЫСҚАША СҰРАҚ-ЖАУАПТАР

Раббың кім? Аллаһ.

Сені кім жаратты? Аллаһ.

Сен кімнің құлысың? Аллаһтың.

Қайдан келдік және қайда барамыз? Аллаһтан келдік, Аллаһқа қайтарыламыз.

Аллаһ бізді не үшін жаратты? Өзіне құлшылық жасау үшін.

Құлшылық дегеніміз не? Аллаһқа мойынсұнып, Мұхаммед (с.а.у.) пайғамбардың жолымен жүру және мына өмірде Аллаһтың шынайы әрі соңғы діні Исламда болу.

Қай уақыттан бері мұсылмансың? Әлхәмдулилләһ, Әлмисақтан бері.

Әлмисақ дегеніміз қай уақыт? Жерді жаратпас бұрын Аллаһ барлық адамзаттың рухын жаратты (бұрынғы, қазіргі, келешектегі). Осылайша барлық жандарды өз алдына жинап былай деп сұрады:

- Әләсту бираббикум? (Мен сендердің Раббыларыңмын ба?)

- Иә, Сен біздің Раббымызсың. Саған ғана бас иеміз және Сенен ғана жәрдем тілейміз – деді. Міне «Әлмисақ уақыты» дегеніміз осы.

Аллаһ қандай? Аллаһ жалғыз.

Сен қай сенімдесің? Менің дінім ислам.

Кітабің не? Кітабым Құран.

Құбылаң қайда? Қасиетті қағба.

Кімнің ұрпағысың? Адам атаның ұрпағымын.

Кімнің үмбетісің? Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) үмбетімін.

Пайғамбарымыздың әкесінің аты кім? Абдуллаһ.

Анасының аты ше? Әмина.

Сүт анасының аты кім? Халима.

Атасының аты кім? Абдулмутталиб.

Ағасының аты? Абуталиб.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қайда туылды? Қасиетте меккеде.

Қай уақытта туылды? 571 жыл, сәуір айының жиырмасы, дүйсенбі күні.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) ата-анасы қашан қайтыс болды? Пайғамбарымыздың туылуынан екі ай бұрын әкесі, алты жасында анасы қайтыс болды.

Қай жаста пайғамбарлық міндеті берілді? Қырық жасында.

Қанша жылда пайғамбарлық міндетін аяқтады? Жиырма үш жылда тәмамдады.

Пайғамбарымыз (с.а.у.) қай жаста дүние салды? Алпыс үш жасында.

Пайғамбармыздың (с.а.у) қабірі қай жерде орналасқан? Мәдина Мунауарада.

Қанша бала-шағасы болған? Жеті. Қыздары: Зейнеп, Рүкия, Үммү Гүлсім Фатима, Ұлдары: Қасым, Абдуллаһ, Ибраһим.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) әйелдері біз үшін кім болып есептеледі? Бүкіл мұсылманның аналары.

Пайғамбарымыздың бірінші және соңғы әйелдері кім? Біріншісі Хадиша анамыз (р.а.), ал соңғысы Айша анамыз (р.а.)

Қанша немересі болған? Екі ұл немересі: Хасан және Хусейін, екі қыз немересі: Зейнеп пен Сукайна.

Олар кімнің балалары? Хазірет Али мен Фатима (р.а.) анамыздың.

32 – ПАРЫЗ

Иман (сенім) дегеніміз - Аллаһтың бар екендігіне және Оның бір екендігіне, Пайғамбарымыздың (с.а.у.) Аллаһтың пайғамбары екендігіне шын жүректен сеніп және сол сенімін тілімен жеткізу.

Иманның шарттары алтау

1. Аллаһтың бір және бар екендігіне сену.
2. Аллаһтың періштелеріне сену.
3. Аллаһтың жіберген кітаптарына сену.
4. Аллаһтың пайғамбарларына сену.
5. Ақірет күніне және қайта тірілуге сену.
6. Жақсылық пен жамандықтың Аллаһтан екендігіне сену.

Исламның шарты бесеу

1. Кәлимә шәһәдат айту.
2. Рамазан айында ораза ұстау.
3. Бес уақыт намаз оқу.
4. Шамасы жетсе қажылық парызын өтеу.
5. Жыл сайын дүние-мүлкінің белгілі бір мөлшерін мұқтаждарға беру, яғни зекетін өтеу.

Дәреттің парыздары төртеу

1. Бет жуу.
2. Қолдарды шынтақпен қоса жуу.
3. Бастың төрттен бір бөлігіне мәсіх тарту.
4. Аяқтарды тобықпен қоса жуу.

Ғұсылдың үш парызы бар

1. Ауызды шаю.
2. Мұрынды шаю.
3. Құрғақ жер қалдырмастан барлық денені жуу.

Таяммумның парыздары екеу

1. Таяммумға ниет ету

2. Екі қолын таза жерге немесе топырақ жынысты нәрсеге ұрып бетіне, сонан соң тағыда ұрып қолдарына, тағы да ұрып шынтақтарына мәсіх тарту.

Намаздың парыздары он екі *(алтауы ішінде, алтауы сыртында)*

а – Намаздың сыртындағы шарттары:

1. Хадестен тазару: Дәрет алу, қажет болған жағдайда ғұсыл құйыну немесе таяммум алу.

2. Нәжістен тазару: Намаз оқитын адамның денесінде, киімінде, намаз оқитын жерінде лас, нәжіс болса оны тазарту.

3. Сатри әурет: Намаз оқитын адамның ұятты (әурет) жерлерінің жабық болуы. Әурет ер адамдар үшін кіндік пен тізе арасы, әйел кісілер үшін: жүзі, білектерінің және тобықтарының төменгі жағынан басқа барлық денесі әурет болып есептеледі.

4. Қыбла бет бұру: Намазды қағбаға қарап оқу, яғни құбылаға.

5. Уақыт: Намаздардың әрқайсысын өз уақытында оқу.

6. Ниет: Намазды көңілінен еске түрсіріп оқу.

б – Намаздың ішкі шарттары:

1. Ифтитах тәкбірі: Намазды «Аллаһу акбар» деп тәкбірмен бастау.

2. Қиям: Кедергі болмаса, намазды тік тұрып оқу.

3. Қирағат: Намазда Құран аяттарын оқу.

4. Рукуғ: Намазда қолды тізеге қойып, иілу.

5. Сужуд: Сәждеге маңдайды қою.

6. Қағда ахир: Намаздың соңында «Әттәхият» дұғасын оқитындай уақыт отыру.

ҒИБАДАТТЫҢ ҮКІМДЕРІ

Парыз – Аллаһтың әмір еткен амалдарын орындау. Мысалы: Намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру т.б парызды орындамау күнә. Парыз амалына сенбеген және жоққа шығарған адам діннен шығады.

Сүннет – Сүйікті пайғамбарымыздың сөзі мен іс-әрекеттері: құлшылықтарды орындауы немесе бізге айтқан өсиеттері сияқты.

Харам – Тыйым салынған нәрселер: арақ ішу, әйел кісінің бөтен ер кісілердің алдында басын ашып жүруі. т.б. Харам істерден сақтану сауап. Ал харам амал жасаған күнәһар болады. Кімде-кім харам амалды мойындамаса діннен шығады.

ДӘРЕТТІҢ ӘДЕПТЕРІ

Дәретханаға кірмес бұрын, шалбарының балағын түру. Тік тұрып дәрет сындыруға болмайды.

Дәретханада ішіп-жеуге, сөйлесуге болмайды.





Дәретханаға сол аяқпен кіріп, оң аяқпен шығу.

Истинжа – қан, мәни, үлкен дәрет, кіші дәрет сияқты лас нәрселерден тазару. Әурет жерлер сол қолымен жуылады. Суды немесе суы бар ыдысты оң қолымен ұстап сол қолымен жуу қажет. Су жоқ жағдайда қағаз қолдануға болады.

Жоғарыда айтылғандар әсіресе намаз оқуға дайындалып жүрген мұсылмандар үшін өте маңызды.

ДӘРЕТ

Дәрет белгілі бір мүшелерді тәсіліне қарай жуу және мәсіх тарту арқылы жасалатын тазалық.

Ол бет жуу, қолдарды шынтақпен қоса, аяқтарды тобықпен қоса жуу, бастың төрттен бір бөлігіне мәсіх тарту.

Рет-ретімен дәрет алу:

Мүмкіндігінше құбылаға қарап: іштей «Ниет еттім дәрет алуға» ағузубилләһи минәш-шайтанир-ражим, бисмилләһир-рахманир-рахим» - деп айтылады. Содан кейін қолдар білекке дейін үш мәрте жуылады. Саусақтардың арасында құрғақ жер қалмауы керек. Сақина болса орнынан қозғап жуу қажет. Сөйтіп оң қолымен су алып ауызды су алып үш рет шаяды. Тістерді мисуак пен немесе щеткамен немесе үлкен және сұқ саусақпен ысқылап жуады.



Оң қолымен үш рет ауызға су алып, шайып тастау. Тісті мисуакпен, щеткамен немесе бас бармақ және сұқ саусақпен тазалауға болады.



Үш рет оң қолымен мұрынға су алып, сол қолымен сіңбіріп мұрынды тазарту керек.



Содан кейін маңдайдағы шаштардан бастап, иекке дейін тигізіп толығымен үш рет жуылады



Алдымен оң қол, содан кейін сол қол шынтақпен қоса жуылады.





Оң қолдың ішімен бастың төрттен бір бөлігіне мәсіх тартамыз.



Қолдың кіші саусағымен құлақтың іші, бас бармақпен құлақтың сыртына мәсіх тартылады. Қолдың қалған үш саусағымен мойнының артқы жағына мәсіх тартылады.



Саусақтардың сыртқы жағымен мойынға мәсіх тартылады.



Оң аяқтың кішкентай бармағынан бастап үш рет оң аяқты, содан кейін сол аяқты тобықпен қоса жақсылап жуу.



Оң қолымен су алып, тік тұрып оны ішу сүннет болып саналады.

Дәрет алып болған соң «Кәлимә шәһадат» айту және «Қадыр» сүресін оқу сауаб болып есептеледі.

Дәреттің парыздары

1. Бет жуу
2. Қолды шынтақпен қоса жуу
3. Аяқтарды тобықпен қоса жуу

Дәреттің сүннеттері

1. Дәрет алуға ниет ету.
2. «Ағузу бисмилләһ» сөзін толық айтып бастау.
3. Әуелі қолдарын білегіне дейін жуу.
4. Тістерін мисуак, щеткамен немесе сұқ саусақтарымен ысқылап жуу.
5. Бір мүше құрғамастан екіншісін жуу.
6. Қолдың ішікі жағымен жуылатын мүшелерді жақсылап жуу.
7. Ауызды үш рет шаю
8. Ораза ұстаған кезде ауызды сумен толтырып шаю.
9. Мұрынға үш рет су алып, сол қолымен сіңбіру.
10. Дәрет алған кезде және мәсіх тартқанда ретті сақтау.
11. Жуылатын мүшелерді үш реттен жуу.
12. Қолдар мен аяқтарды жуарда саусақтардан бастау.
13. Саусақтардың арасын жуу.
14. Сақалы болса дәрет алғанда сақалының арасын ысқылап жуу.
15. Саусақтағы жүзікті қозғап жуу.
16. Құлаққа мәсіх тарту.
17. Басты түгелдей және мойынға мәсіх тарту.

Дəретті бұзатын нəрселер

1. Кіші, үлкен дəретке отыру немесе жел шығару.
2. Дененің қандайда бір жерінен қан, ірің шықса.
3. Ауызды толтырып құсу.
4. Түкірген кезде түкірігінің жартысы немесе көбісі қан болса.
5. Жатып немесе бір нəрсеге сүйеніп ұйықтау.
6. Есінен тану, мас болу.
7. Намазда басқалары еститіндей күлу.
8. Денеде су өткізбейтін нəрселер болса (лак, сүрме т.б.) дəретке жəне ғұсылға жарамайды.

Дəретсіз орындауға болмайтын нəрселер

1. Намаз оқуға
2. Құранды ұстауға
3. Қағбаны тауап етуге.
4. Тілəуəт сəждесін, шүкір сəждесін, сəһу сəжделерін жасауға болмайды.

ТАЯММУМ

Таза топырақ немесе топырақ жынысты нəрсеге қолдарды ұрып жүзі мен қолдарына мəсіх тартуды «таяммум» дейміз.

Таяммум алудың тəртібі:



Іштей «Ағузубиллəһиминəш-шайтанир-ражим, бисмиллəһир-рахманир-рахим» деп, таяммум алуға ниет етеді. Саусақтардың арасын ашып екі қолды бірдей топыраққа ұрып алдымен алға созып кейін кері қарай қолдарымызды тартамыз. Топырақ шаң болса, қолдарды сілкіп, қолдарының ішімен бетке мəсіх тартылады. Екінші рет ұрып, қолмен бірге шынтақты қоса мəсіх етеміз. Əйелдер мен ер кісілер үшін таяммум алудың əдісі бірдей.

Таяммумның парыздары

1. Ниет ету: «Ниет еттім дәрет үшін таяммум алуға (немесе ғұсыл үшін, не намаз оқу үшін)

2. Топыраққа екі рет ұру: Қолдарын таза топыраққа ұрып бетке мәсіх тарту; тағы да ұрып, қолдарын шынтаққа дейін мәсіх ету.

Таяммумның сүннеттері:

1. «Ағузубилләһиминәш-шайтанир-ражим бисмилләһир-рахманир-рахим» сөзімен бастау.



2. Қолдарын топыраққа қойғанда саусақтардың арасын ашу.



3. Топыраққа ұрған кезде алдымен алға созып, содан соң өзіне қарай тарту.



4. Таяммумның арасын үзбей, бірінің артынан бірін орындау.



Таяммумның себептері:

Кез келген адам дәрет пен ғұсыл алу үшін су таба алмаса таяммум алады:

1. Су табылмаған жағдайда немесе суға барар жолда қауіп бар болса және 3032 м. немесе шамамен 3 шақырым ден ұзақ болса.
2. Ауруы болса.
3. Ауаның қатты суық болуы.
4. Дұшпаннан қорқу.
5. Су болғанымен дәрет үшін жеткіліксіз дәрежеде аз болса.

Таяммум аларда жүзік, білезіктер болса шешіп қою немесе қозғап қою керек.

ҒҰСЫЛ

«Ғұсыл» деп, денеде құрғақ жер қалдырмастан түгел жууды (шомылу) айтады.

Ғұсылдың парыздары:

1. Мазмаза: Ауызға су алып тамаққа дейін шаю.
2. Истиншақ: Мұрынға терең су алып шаю.
3. Иненің ізіндей құрғақ жер қалдырмастан барлық денені жуу.

Мазмазадан кейін бір жұтым су ішкен абзал.

Ғұсылдың сүннеттері:

1. Қолдарды білезікке дейін 3 рет жуу.
2. Әурет жерлерді жуу.
3. Денеде кір болатын болса оны тазалау.
4. Әуелі намаз дәретін алу.
5. Барлық дене мүшелерін үш реттен жуу.
6. Әуелі үш рет басқа, содан кейін үш рет оң иыққа, үш рет сол иыққа су құя отырып жуыну.
7. Ғұсылға ниет ету: «Ғұсыл алып тазаруға ниет еттум» деп айту.

8. Қолдарын білезікке дейін жуғанда «Ағузу бисмилләһ» сөзін толық айту.
9. Суды керек мөлшерден тыс артық пайдаланбау.
10. Әурет жерлерді жабу. Әсіресе моншада.
11. Су құйған кезде денені қолымен ысқылап жуу.
12. Адамдардан таса, көрінбейтін жерде жуыну.
13. Қажет болмаса сөйлеспеу.
14. Құбылаға қарап жуыну.

Ғұсылдың парыз, сүннет және әдебін орындай отырып алу:

Ғұсыл алатын адам ең әуелі «Ағузубилләһиминәш-шайтанир-ражим, бисмилләһир-рахманир-рахим» деп ниет етеді. Қолдарын білегіне дейін жуып, қолдағы тырнақтардың арасын да тазалайды. Содан соң әурет жерлерін жуып тазартады. Оң қолымен үш рет ауызға су алып шаямыз, сосын тағыда оң қолымен мұрынға су алып, сол қолымен сіңбіргеннен кейін толық дәрет алынады. Аяқтар тұрған жерге су жиналатын болса, аяқтың жуылуын ең соңына қалдыру. Дәрет біткеннен кейін, әуелі үш рет басына, содан соң үш рет оң иығына су құя отырып бүкіл денені жуады. Су тимей қалған дене мүшелерін (кіндік, сырға, құлақ т.б) жеке-жеке ысқылап, қозғап су тигізіп жуу. Егер шаш ұзын болса, арасын ашып су тигізіп жуу. Егер дененің қандайда бір жерінде жарақат орауы болса және су тигізу зиян болса, қолды сумен ылғалдап орауыштың үстіне мәсіх тарту қажет.

Ғұсылдың пайдасы:

Ғұсыл – толық алынған дәрет, яғни жуыну. Адамды рухани жамандықтан, ластықтан тазартады, сондай-ақ адамның денесіне де тигізер пайдасы орасан зор. Ғұзыл біздің дене мүшелерімізді, ағзаларымызды бір қалыпта ұстауға үйретеді. Ғұсыл алған соң жүректің соғысы, қан

қысымы жақсарады. Клеткалар ашылып, тыныс алу жүйесі жақсарады.. Дене терісінен көптеген зиян келтіретін, ауру тудыратын микроптар өледі.

Ғұсыл алуды қажет ететін жағдайлар:

Ерлі-зайыптылар жыныстық қатынаста болған кезде, әйелдер әр айда белгілі уақыттарда болатын ерекше күндер біткенде және босанған әйелдер толық тазаланғаннан кейін ғұсыл алады.

Шаштардың арасын ашып, су тигізіп жуу ғұсылдың парызы болып саналады. Егер су шаштың түбіне жететін болса, шашты жаю қажет емес. Жуынғанда жүзік пен сақинаны қозғап жуу уәжіп болып саналады.

Ғұсыл деп, ауыз бен мұрынға су алған адам жақсылап шайып, ағып жатқан суға, теңізге, сондай-ақ көлемі 45-50 кв метрлік хауызға (бассейін) шомылып, дененің барлық жеріне су тигізсе, ғұсылы дұрыс болып есептеледі. Дененің қандайда бір мүшесінде лак, қамыр, әк, т.б су өткізбейтін заттар болса, ғұсыл толық болып есептелмейді.

Ғұсылсыз орындауға болмайтын нәрселер:

1. Мешітке кіруге болмайды.
2. Құран оқи алмайды.
3. Құранды ұстай алмайды.
4. Қағбаны тауаф ете алмайды.
5. Намаз оқи алмайды.
6. Әйел кісілер етеккір кезінде және босанғаннан кейінгі халдерінде намаз оқи алмайды және ораза ұстай алмайды.

Әйел адамдарға тән ерекше жағдайлар:

1. «Етеккір халі»-Хайыз
2. Босанғаннан кейінгі жағдай – Нифас
3. Белгілі уақыттарда қанның келуі (патологиялық жағдай) – Үзір

Әрбір әйелге жоғарыдағы айтылған жағдайларды жақсы білу, оған мұқият болу - парыз. Олардың білім алуларына (яғни шариғат мәселелерінен тәлім алуына) күйеуі, әкесі немесе ағасы міндетті.

АЗАН

«Аллаһу әкбар» - «Аллаһ аса ұлы» 4 рет

«Әшһәду Ән лә иләһә иллаллаһ»-«Аллаһтан басқа ешқандай Тәңір жоқ екендігіне күәлік етемін» 2 рет

«Әшһәду әннә Мухаммәдәр-расуулуллааһ»-«Мұхаммед (с.а.у.) Аллаһтың елшісі екендігіне куәлік етемін» 2 рет

«Хайя алассаләәһ» - «Намазға асығыңдар» 2 рет

«Хайя аләл фаләәх» - «Азаттыққа, табысқа жетуге асығыңдар» 2 рет

«Аллаһу Акбар» - «Аллаһ аса ұлы» 2 рет

«Лә иләһә иллаллаһ» - «Аллаһтан басқа Тәңір жоқ» 1 рет

Таң намазында 2 рет «хайя алал фаләәх» дегеннен кейін «Ассаләәту хайрум-минәннәуум» - «Ұйқыдан намаз артық» деген сөздер қосылып айтылады.

Қамат азаннан кейін оқылады. Азан созылыңқы дауыспен және барлық мұсылмандарға естілу үшін барынша дауыстап айтылады. Азаннан кейін мына дұға оқылады: «Аллааһуммә Раббә һәәзи-һид-дағуәтит-тәәммәти, уассаләәтил-қааимәһ, әәти-Мұхаммәдәнил-уәсииләтә, уәлфадииләтә, уәд-даражатар-рафииғаһ. Уәбғасһу мақаамән Маһмуудән, әлләзии уа аттаһ. Иннәкә ләә тухлифул мииаад».

ШАҒЫН ӘҢГІМЕ:

Аллаһ бізден нені талап етеді?

Бір күні Ахмет, әкесіне бақ ішіндегі шөптерді тазалауға көмектескен болатын. Әкесі: «Балам, өтініш, маған бір шыны су әкеліп берші»-деді. Әкесі су ішіп жатқан кезде азанның дауысы естілді.

- «Рахмет Ахмет, сұраған нәрсемді орындадың, шөлімді бастым. Енді Аллаһ екеумізге бір тапсырма беріп жатыр», - деді. Ахмет әкесінің сөзіне таңырқап қарады да:

- «Әке, сонда Аллаһ бізден бір нәрсе істеуімізді талап етіп отыр ма?» - деді.

- «Иә, балам» - деді әкей.

- «Бірақ мен ешнәрсені сезбей тұрмын ғой!».

- «Алайда азанды естіп тұрсың ғой»

- «Иә, бірақ...

- «Аллаһ өз әмірлерін біздерге әр түрлі жолдар арқылы ескерту жасайды. Мысалы, азан шақырылып жатқанда мұсылмандарға Аллаһтың бұйрығын еске салады. «Намазға асығыңдар!»-деп шақырады. Сондықтан намаз уақыты келгенде біз әрдайым Аллаһтың бұйрығын естіген боламыз» - деді.

Сүйікті пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өз хадистері арқылы біздерге былайша ескерту жасайды: ***«Имансыздық пен күпірліктің арасын ажырататын намаз»***

Дініміз Исламда мүлдем намаз оқымау деген ұғым жоқ. Намазды науқас та, қарт та, үзірлі кісі де оқи алады. Ал намазды оқымаған, бұзған адам да жазасын алады. Сондай-ақ намаз оқудың тәртібін бұзғандарға да

жазасы бар. Бұларға намазда ұрлық жасағандар дейміз. Айталық имамнан озып оқу, рукуғ және сәжделерді толық орындамау және т.б.

Тағы бір хадисінде пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.): ***«Адамзат ішіндегі ең үлкен ұры - намазынан ұрлаған адамдар»*** *- деген.*

Намаз уақыттары мен түрлері

1 – Таң намазы. Таңертең таң ағара бастағаннан бастап, күн шыққанға дейінгі уақыт. 4 рәкағаттан тұрады: 2 рәкағат сүннет және 2 рәкағат парыз.

2 – Бесін намазы. Күн дәл төбемізге келіп, көлеңке шығысқа қарай ұзара бастаған уақыттан әрбір нәрсенің көлеңкесі екі есе ұзарғанға дейінгі уақыт.

10 рәкағат: 4 рәкағат сүннет, 4 рәкағат парыз, 2 рәкағат сүннет.

3 – Екінті намазы. Бесін намазының уақыты біткеннен бастап күн батқанға дейінгі уақыт. 8 рәкағат: 4 рәкағат сүннет, 4 рәкағат парыз.

4 – Ақшам намазы. Ақшам намазы күн батқаннан бастап, қызыл шапақ жоғалып, содан кейінгі пайда болатын ақ түс жоғалғанға дейінгі уақыт. 5 рәкағат: 3 рәкағат парыз, 2 рәкағат сүннет.

5 – Құптан намазы. Ақшам намазының шығатын уақытынан бастап, таң намазының уақытына дейін жалғасады. 10 рәкағаттан тұрады: 4 рәкағат сүннет, 4 рәкағат парыз, 2 р сүннет, 3 р үтір уәжіп намазы.

Үтір уәжіп 3 рәкағат. Үтір намазы дәл құптан намазының уақытына сәйкес келеді. Үтір намазы құптан намазынан кейін оқылады.

Парыз намаздар – Аллаһ әмір еткен, әрі міндетті түрде орындау қажет болған амал.

Уәжіп намаздар – міндет жағынан парыз намазына жақын, орындалуы әмір етілген амал.

Сүннет намаздары – Пайғамбарымыздың (с.а.у.) жасаған және бізге үлгі етіп қалдырған амалдары.

Нәпіл намаздар – бұл намаздарды оқу бізді Аллаһқа жақындатады.

Намаз оқылмайтын уақыттар

1. Күн шығып келе жатқан уақытта. Егер таң намазында күн шығып келе жатса, намаз бұзылады.

2. Күн дәл төбеге келгенде.


3. Күн батып бара жатқан уақытта. Алайда күн батып бара жатқанда тек (сол күнгі үлгере алмаған) асыр намазын оқуға болады.

ТАҢ НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУ ТӘРТІБІ

НАМАЗДЫҢ БАСТАЛУЫ ЖӘНЕ НИЕТІ:

1 – Дәрет алған соң тік тұрып, құбылаға қарап ниет етеміз: «Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін таң намазының сүннетін оқуға» немесе «таң намазының парызын оқуға» - деп.

Тік тұрған кезде сәжде жасайтын жерге қарап, аяқтарының арасын төрт саусақтың көлеміндей ашық етіп, денені бос ұстап тұрамыз.







ТӘКБІР АЙТУ

2 – Ниеттен кейін, «Аллаһу әкбар» деп тәкбір айтып, қолдарын құлақ ұшына келетіндей етіп жоғары көтеру керек. Алақандарының іші құбылаға қарап, оң қолын сол қолының үстіне қойып, кіндігінің астына байлайды.

Әйел кісілер тәкбір айтқанда қолдары иықтарының тұсына дейін жоғары көтеріп, содан кейін қолдарын көкірегінің үстіне қояды.





ҚИЯМ ЖӘНЕ ҚИРАҒАТ (Тік тұрып Құран аяттарын оқу)

3 – Тәкбірден кейін оң қолының уысы, бас және кішкентай саусақтары сол қолының білегін қапсырып, қолдарын кіндігінің астына байлайды.





Тәкбірден кейін әйел адамдар оң қолын сол қолының үстіне қойып, көкірегіне қояды.

4 – Қолдарын байлаған соң жай дауыспен «Субханәкә» дұғасы оқылады.

«Субханәкә Аллаһуммә уә бихамдик, уә тәбәра касмука, уа тағала жәддукә, уәлә иләһә ғайрук»

5 – Содан соң «Фатиха» сүресі оқылады.

اَعُوذُ بِاللّٰهِ مِنَ الشَّيْطَانِ الرَّجِيمِ

аьузубилләһи минашшайтанир-ражим

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ {١}

الْحَمْدُ للّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ {٢}

الرَّحْمنِ الرَّحِيمِ {٣}

مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ {٤}

إِيَّاكَ نَعْبُدُ وإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ {٥}

اهدِنَــــا الصِّرَاطَ المُستَقِيمَ {٦}

صِرَاطَ الَّذِينَ أَنعَمتَ عَلَيهِمْ غَيرِ المَغضُوبِ

عَلَيهِمْ وَلاَ الضَّالِّينَ {٧}

Бисмилләһир – рахмәнир – рахим

«Әлхамду лилләһи раббил-аләмин. Ар-рахмәнир-рахим. Мәлики яумиддин. Ийякә нағбуду, уә ийякә настағин. Іһдинас-ciратал мустақим. Сиратал-ләзинә әнғамта алайһим. Ғайрил мағдуби алайһим уәләдда-ллин. әмиин»

6 – «Фатиха» сүресінен кейін қысқа сүре оқылады. Мысалы «Кәусәр» сүресі.

إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ {١}

فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَانْحَرْ {٢}

إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الأَبْتَرُ {٣}

«Иннә ағтайнә кәл-кәусәр, Фасалли ли раббикә уәнхар, Иннә шәни әкә һуәл абтәр»

РУКУҒ

7 – Қырағаттан кейін «Фатиха» мен қысқа сүрені оқығаннан соң «Аллаһу әкбар» деп рукуғқа еңкейіп, «Субханә раббиал азим» делінеді. Рукуғта басы мен арқасы бір деңгейде түп-түзу болуы керек. Рукуғтан тұрғанда аяқтарының ұшына қарау қажет. Шынтақтарын түзу етіп, саусақтарын ашып, қолдары мен тізелерін шеңберлеп, тізелерін тік ұстайды. Рукуғта «Субханә раббиял азим» делінеді. Бұл дұға 3, 5 немесе 7 рет айтылады.






Әйел адамдар ер кісілерге қарағанда аз ғана бүгіліп, (45 % қа) еңкейіп тұрады. Тізелерін шамалы бүгіп, қолдарын тізелерінің үстіне қояды.

ҚИЯМ

Рукуғтан тұрған соң, тік тұру.





8 – Рукуғтан тұрып бара жатып «Сами Аллаһу лиман хамидаһ» деп, тік тұрған кезінде: «Раббанә ләкәл хамд» дейді. Содан кейін сәл кідіріп: «Аллаһу әкбар» деп сәждеге жығылады.

СӘЖДЕ





9 – Сәждеге жығылған кезде алдымен тізе, содан кейін қолдарын қойып маңдайын және мұрнын бірдей жерге тигізеді. Саусақтардың арасын ашпай, қосылған күйде беттің деңгейімен бірдей ұстау керек. Башпайларының ұштарын құбылаға қарайтындай етіп, жерге тигізу қажет.

Әйел адамдар сәждеде шынтақтарын жерге тигізіп денеге жақын ұстайды. Сәждеде үш рет: «Субханә Раббиал ағлә» дейді.



10 – «Аллаһу әкбар» деп отырады. Бұл отырысты «Жәлса» дейді. Жәлсада саусақтары құбылаға қараған күйінде сол аяғына жантайып отырады. Оң аяқ жерге тиіп, ол да құбылаға қарайды. Алақандарды тізеге қоямыз. Жәлса уақыты «Субхан Аллаһ» деп айтатындай мезетте болу керек. Әйел адамдар жәлсаға отырғанда екі аяғының ұшын оң жағына қаратып отырады. Сонымен «Аллаһу әкбар» деумен екінші сәжде жасалады. Және тағы да сәждеде 3 рет «Субханә Раббиал Ағлә» дейді.









ЕКІНШІ РӘКАҒАТ

11 – «Аллаһу әкбар» деп, сәждеден тұрып жатқанда әуелі маңдай, қол сонан соң тізелерін көтеріп, бірден екінші рәкағатқа тұрады. Қолдарды кіндік астына байлап, қиямға тұрады.

Осымен таң намазының 1 – ші рәкағаты тәмам.

Екінші ракағаттағы қиям мен қырағат:

2-ші рәкағаттағы «Субханәкә» оқылмайды. Қолдарды байлаған соң, «Бисмилләһир-рахмәнир-рахим» деп «Фатиха» сүресі мен қоса 3 аят немесе қысқа қосымша бір аят оқылады.

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ {١}
الْحَمْدُ للّهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ {٢}
الرَّحْمنِ الرَّحِيمِ {٣}
مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ {٤}
إِيَّاكَ نَعْبُدُ وإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ {٥}
اهدنَــــا الصِّرَاطَ المُستَقِيمَ {٦}
صِرَاطَ الَّذِينَ أَنعَمتَ عَلَيهِمْ غَيرِ المَغضُوبِ
عَلَيهِمْ وَلاَ الضَّالِّينَ {٧}

Бисмилләһир – рахмәнир – рахим

«Әлхамду лилләһи раббил-аләмин. Ар-рахмәнир-

рахим. Мәлики яумиддин. Ийякә нағбуду, уә ийякә настағин. Иһдинас-сиратал мустақим. Сиратал-ләзинә әнғамта алайһим. Ғайрил мағдуби алайһим уәләдда-ллин. Әмиин»

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ {١}
اللَّهُ الصَّمَدُ {٢}
لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ {٣}
وَلَمْ يَكُن لَّهُ كُفُواً أَحَدٌ {٤}

Ықылас сүресі: **«Құл һуаллаһу ахад. Аллаһус-самад. Ләм ялид, уә ләм юләд. Уәләм якулләһу куфуән ахад»**





РУКУҒ

12 – «Аллаһу әкбар» деп рукуғқа барып, Рукуғта «Субханә раббиал азим» деп 3 рет оқылады. Рукуғтан тұрып бара жатып «Сами Аллаһу лимән хамидәһ», тік тұрғанда «Раббанә ләкәл хамд» дейді де, «Аллаһу әкбар» деп сәждеге жығыламыз.





Әйел адамдар рукуғта сәл ғана иіліп, аяқтары мен шынтақтары аз ғана иілген түрде қолдарын тізелерінің үстіне қояды.

СӘЖДЕ

13 – Сәждеде үш рет «Субханә раббиал ағлә» деп айтқан соң басты көтеріп қайтадана «Аллаһу әкбар» деп отырамыз. Сосын көп отырмастан қайтадан «Аллаһу әкбар» деп айтып екінші сәждеге барады.







Әйел адамдар сәждеде шынтақтарын жерге тигізіп қолдарын денеге жақын ұстайды.

«ӘТТӘХИЯТҚА» ОТЫРУ

«Аллаһу әкбар» деп сәждеден басын көтеріп отырады. Соңғы отырысты «Қағда ахир» деп атайды. Ер адамдар сол аяғын жерге қойып үстіне отырады, оң аяқтарының саусақтарын құбылаға қаратып, тік ұстайды. Қолының саусақтарының арасын ашып тізеге қойып «Әттәхият» дұғасын оқиды.

Әйел адамдардың отырысы басқаша. Аяқтарын жатқызып, сол аяғына отырып, оң жаққа қарай созып отырады. Саусақтарын ашпай тізе үстіне қояды.







Оқылуы: **«Әттә-хияту лилләһи уассаләуәту уаттайибәт. Әссәләму алайкә әйюһәннәбийю уә рахматуллаһи уә бәракатуһ. Әссәләму алайнә уә ала ғибә дилләһис-салихин. Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ».**

Намаздың соңғы отырысында «Әттәхият» дұғасынынан кейін, «Салли», «Барик» және «Раббәнә» дұғалары оқылады.

«Аллаһуммә салли алә Мұхаммәдин уә алә әли Мұхаммәдин кәмә салләйтә алә Ибраһимә уә алә әли Ибраһимә, иннәкә хамидун мәжид».

«Аллаһуммә бәрик алә Мұхаммәдин уә алә әли Мұхаммәдин, кәмә бәрактә алә Ибраһимә уә алә әли Ибраһимә, иннәкә Хамидун мәжид».

«Раббәнә этинә фиддуния хасәнәтән уә фил әхирати хасанатән уә қинә азабәннар».

«Раббәнәғфирли уәли уәли дәйә уәлил мумининә яумә яқумул хисәб»

15) Жоғарыдағы дұғаларды оқып болған соң, әуелі басты оңға, содан соң сол жаққа бұрып: «Әссәләму алайкум уә рахматуллаһ» дейді.

Басты оңға, солға бұрғанда, яғни сәлем бергенде иығына қарайды.





Осылайша таң намазының сүннеті мен парызы аяқталады.

Парыз намаздардан соң Пайғамбарымыз (с.а.у.) 3 рет: «Астағфируллаһәл – азим», «Уа, Раббым! Менің күнәларымды кешір» деп айтуды өсиет еткен.

Намаздан кейін оқылатын дұғалар мен тасбихтер

«Аллаһуммә әнтәссәләму уә минкәссәләму. Тәбәрактә иязәл-жәләли уәл икрам»

Ала Расуулинә салауәт:

(Аллаһуммә салли алә сәйидинә Мұхаммәдин уә алә әли Мұхаммәд) дұғасы іштей оқылады.

«Субханаллаһи уәлхамдулилләһи уәлә иләһә иллаллаһу уаллаһу әкбар.Уәлә хаулә уәлә қууәтә иллә билләһил-алийл-азим».

Осыдан кейін «Ағузубилләһи минәш-шайтанир-ражим. Бисмилләһир-рахмә нир-рахим» деп айтып, «Аятул курси» оқылады. Содан кейін мына тасбихтер оқылады:

Тасбихтер	*Мағынасы*
Субхан Аллаһ: (33 рет)	Аллаһ кемшілік атаулыдан пәк.
Әлхамдулилләһ: (33 рет	Аллаһқа мадақ.
Аллаһу Акбар: (33 рет)	Аллаһ ұлық.

Аллаһу әкбар. Лә иләһә иллаллаһу уәхдәһу лә шәрикә ләһ. Ләһул мулку уә ләһул хамду уә һуә алә кулли шайин қадир.

Намаздан кейін оқылатын дұғалар

Ағузубилләһиминәш-шайтанир-ражим.Бисмилләһир-рахмәнир-рахим.

Әлемдердің Раббысы, адамзатқа ерекше мейірімді және ақиретте тек иман келтіргендер үшін мейірімді болған Аллаһқа мадақ. Пайғамбарымыздың (с.а.у.)



сахабаларына және оның отбасына салауат пен сәлем болсын.

Біз жалғыз Аллаһты ғана мадақтаймыз, тек Одан ғана жәрдем сұраймыз, Одан ғана кешірім, қамқор сұраймыз. Расында жалғыз Ол ғана тәубені қабыл етуші және ақиретте тек Ол ғана мүминдерді қорғайды.



Иә, Аллаһ! Біздің құлшылық-ғибадаттарымызды, дұға-тілектерімізді қабыл ала гөр, істерімізді түзете гөр.

Иә, Аллаһ! Біздің күнәларымызды кешіріп, есіркей көр. Жәннатқа кіргізіп, жәһаннамнан сақтай гөр.

Иә, Аллаһ! Ісімізді жеңілдете гөр.

Иә, Аллаһ! Исламға және мұсылмандарға жәрдем бере гөр.

Иә, Аллаһ! Бізді имансыздықтан, Саған серік қосудан, қабір азабынан және қайғы-қасіреттен сақтай гөр!

Иә, Аллаһ! Бізге ұзақ, бақытты ғұмыр бере гөр. Пайдалы білім және дүние мен ақиретте жақсылық бере гөр.

(Бұл уақыттарда Раббымыздан негізгі қажеттілігімізді сұрап, дұға жасаймыз)

Иә, Аллаһ! Ақиретте маған рақымдылық көрсетіп, ата-анамды, және барлық мұсылмандарды мейіріміңе бөлей гөр. Уа, мейірімділердің ең мейірімдісі болған Аллаһ.

Әмиин, Әмиин! Иә, жаратушыИем! дұғаларымызды кері қайтармай, кабыл ала гөр!

БЕСІН НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУ ТӘРТІБІ:

ВБесін намазын 10 рәкағат: 4 рәкағат алғашқы сүннет, 4 рәкағат парыз, 2 рәкағат соңғы сүннет.

Бесін намаздың алғашқы сүннетінің оқылуы: «Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін бесін намазының алғашқы сүннетін оқуға» деп, таң намазының тәртібі бойынша 2 рәкағат оқып, содан соң отырып «Әттәхият» дұғасы оқылады. Содан кейін «Аллаһу әкбар» деп 3-ші ракағатқа тұрады. 3,4-ші ракағаттарда «Бисмилләһир-рахмәнир-рахиим» деп, «Фатиха» сүресін оқып, қысқа бір сүре немесе 3 аят оқылады. 4-ші рәкағаттан соң отырып «Әттәхияту», «Аллаһуммә салли», «Аллаһуммә бәрик», «Раббәнә әтинә» дұғаларын оқып сәлем берумен намаз аяқталады.

Бесін намазының парызының оқылуы

«Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін бесін намазының парызын оқуға». Бесін намазының алғашқы 4 рәкағат сүннеті қалай оқылған болса, парызы да дәл солай оқылады. Бірақ 3,4-ші рәкағаттарда тек қана «Фатиха» сүресі оқылады. Басқа аят немесе сүре оқылмайды.

1- ші рәкағат	2- ші рәкағат	Бірінші отырыс
Қамат (ер кісілер үшін)	Бисмилллләһир-рахмәнир-рахим	Әттәхият дұғасы
Ниет	Фатиха	
Тәкбір	Қысқа бір сүре	
Субханәкә	Рукуғ	
Ағузу-Бисмилләһ	Сәжде	

Фатиха сүресі		
Қысқа сүре		
Рукуғ		
Сәжде		





3- ші рәкағат	4- ші рәкағат	Соңғы отырыс
Бисмилллләһир-рахмәнир-рахим	Бисмилллләһир-рахмәнир-рахим	Әттәхият дұғасы
Фатиха сүресі	Фатиха	Аллаһуммә салли
Рукуғ	Рукуғ	Аллаһуммә барик
Сәжде	Сәжде	Раббәнә дұғалары
		Сәлем беру

Ескерту: Бесін, асыр, құптан намаздарының парыздары бірдей оқылады. Бесін намазының соңғы сүннеті: 2 рәкағат. «Ниет еттім, Аллаһ ризалығы үшін бесін намазының соңғы сүннетін оқымаққа»

Ескерту: Бесін намазының соңғы сүннеті таң намазының сүннеті сияқты оқылады. Сол сияқты ақшам мен құптан намазының соңғы сүннеттері де осылай оқылады, айырмашылық тек ниетте ғана.

АСЫР НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ:

Екінті намазын 8 рәкағат: 4 рәкағат сүннет, 4 рәкағат парыз.

Екінті намазының сүннеті: «Ниет еттім, Аллаһ ризалығы үшін екінті намазының сүннетін оқуға». Тура бесін намазының сүннеті сияқты оқылады. Тек екінші рәкағатта «Әттәхият» дұғасынан кейін «Аллаһуммә салли, Аллаһуммә бәрик» дұғалары оқылады. Содан кейін «Аллаһу әкбар» деп, 3-ші рәкағатқа тұру керек. 3-ші рәкағттың басында «Субханәкә», одан кейін «Бисмилләһир-рахмәнир-рахим» деп, «Фатиха», қысқа бір сүре немесе кем дегенде үш аят оқылады. 4-ші рәкағатта «Бисмилләһир-рахмәнир-рахим», «Фатиха» және қысқа сүре оқылады.

Екінті намазының парызы: «Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін екінті намазының парызын оқуға». Екінті намазының парызы дәл бесін намазының 4 ракағат парызы сияқты оқылады.

АҚШАМ НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ:

Ақшам намазы 3 рәкағат парыз, 2 рәкағат сүннет.

«Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін ақшам намазының парызын оқуға» деп ниет етіледі. Бұл намазда алғашқы екі рәкағаты, таң намазының екі рәкағат парызы сияқты оқылады. Содан соң «Әттәхият» дұғасын оқып, «Аллаһу

Әкбар» деп 3-ші рәкағатқа тұрады. 3-ші рәкағатта «Әттәхият», «Аллаһуммә салли-барик», «Раббәнә» дұғалары оқылып, екі жаққа сәлем беріп намазды бітіреді.

Ақшам намазының сүннеті: «Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін ақшам намазының сүннетін оқуға». Бұл намаз тура таң намазының сүннеті сияқты оқылады.

ҚҰПТАН НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ:

Құптан намазы 10 рәкағат: 4 рәкағат алғашқы сүннет, 4 рәкағат парыз, 2 рәкағат соңғы сүннет. Алғашқы 4 рәкағат сүннеті: «Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін құптан намазының сүннетін оқуға» деп ниет етеді. Бұл 4 рәкағат сүннет дәл екінті намазының сүннеті сияқты оқылады.

4 рәкағат парыз: «Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін құптан намазының 4 рәкағат парызын оқуға» Бұл да бесін намазының 4рәкағат парызы немесе екінті намазының 4 рәкағат парызы сияқты оқылады.

Соңғы 2 рәкағат сүннет: «Ниет еттім Аллаһ ризалығы үшін құптан намазының соңғы сүннетін оқуға». Бұл сүннет те таң және ақшам намаздарының сүннетері сияқты оқылады.

ҮТІР НАМАЗЫНЫҢ ОҚЫЛУЫ:


Үтір намазын 3 рәкағат. Алғашқы екі рәкағаты таң намазының оқылуы сияқты оқылады. Екінші ракағатта «Әттәхият» дұғасын оқуға отырып, «Аллаһу әкбар» деп 3-ші рәкағатқа тұрады. 3-ші рәкағатта «Бисмилләһир-рахмәнир-рахим», «Фатиха» сүресі және қосымша қысқа бір сүре оқылады. Содан кейін қолдарды көтеріп құлақ қағып қосымша тәкбір алып, қолдарды қайта байлайды. Қолды байлаған соң іштей «Құнт» дұғасы оқылып рукуғ, сәжде және сәлем беріп намазды бітіреміз.

«Құнт» дұғасын білмеген адамдар үшін «Раббәнә» дұғасын 3 рет оқуға болады

ҮТІР НАМАЗЫНЫҢ РЕТ-РЕТІМЕН ОҚЫЛУЫ

1- ші рәкағат	2- ші рәкағат	Бірінші отырыс
Ниет	Бисмилләһир-рахмәнир-рахим	Әттәхият дұғасы
Тәкбір	Фатиха	
Субханәкә	Қысқа бір сүре	
Ағузу Бисмилләһ	Рукуғ	
Фатиха сүресі	Сәжде	
Қысқа сүре		
Рукуғ		
Сәжде		

3- ші рәкағат	Тәкбір	Соңғы отырыс
Бисмилләһир-рахмәнир-рахим	Тәкбір	Әттәхият дұғасы
Фатиха сүресі	Құныт дұғасы	Аллаһуммә салли
Қысқа сүре	Рукуғ	Аллаһуммә барик
	Сәжде	Раббәнә
		Сәлем беру





НАМАЗДЫҢ ПАРЫЗДАРЫ

Намаздың парыздары кітаптың алғашқы «32 парыз» бөлімінде айтылды.

НАМАЗДЫ БҰЗАТЫН НӘРСЕЛЕР:

1. Дүниелік нәрсені ойлап жылау, дене ағзаларының ауырып тұрғандығына байланысты күрсіну т.б.
2. Біле тұра жөтелу.
3. Бір нәрсеге үрлеу.
4. Біреуге жауап ретінде аят оқу.
5. Мәсіге тартылған мәсіхтің уақыты бітіп қалса.

6. Ит, мысық т.б сияқтыларды қуу үшін сөйлеу.

7. Қар, жаңбыр суын ауыз толтырып жұту.

8. Аяттардың мағынасын бұзатындай қате оқу.

9. Ер адамдардың әйелдермен бір сапта тұрып немесе әйелдерден кейінгі сапта тұрып намаз оқу.

10. Бір рүкін орындалатындай уақыт бойы бір мүшені қасу.

11. Әурет жерлердің ашылуы немесе киімнің лас, нәжіс болуы.

12. Екі тобықты бірдей жерден көтеру.

13. Әйелдерге тән жағдай «хайыз» дың басталуы.

14. Таң намазында күннің шығуы.

15. Намазда біліп тұрып, яки білместікпен сөйлесу.

16. Бір нәрсені ішіп-жеу.

17. Күлу. Жанындағылар еститіндей күлетін болса дәреті де қоса бұзылады.

18. Кеудені құбыладан бұру.

19. Намазда басқа нәрсемен айналысу.

СӘҺУ СӘЖДЕСІ

Сәһу сәждесі – намазда абайсыздан, жалқаулықпен немесе ұмытқан кезде кемшіліктердің орнын толтыру үшін жасалатын сәжде.

Сәһу сәждесі үш жағдайда жасалады.

1. Парыздарды дұрыс орындамау,

2. Уәжіптерді орындамау,

3. Уәжіптерді дұрыс жасамау.

Сәһу сәждесінің оқылу тәртібі:

Соңғы отырыста, намаздың соңында «Әттәхият» дұғасын оқып болған соң, оң және сол иыққа сәлем беріп, қайтадан иіліп екі рет сәжде жасаймыз. (жамағатпен намаз оқығанда тек оң жаққа сәлем беріледі). Содан кейін

отырып «Әттәхият», «Аллаһуммә салли», «Аллаһуммә барик», «Раббанә» дұғалары оқылып екі иыққа сәлем беру арқылы намазды бітіреміз. Осыдан кейін намазда жіберілген кемшіліктер дұрысталған болып есептеледі.

ТАҢ ЖӘНЕ АҚШАМ НАМАЗДАРЫНАН КЕЙІН ОҚЫЛУЫ АБЗАЛ БОЛЫП ЕСЕПТЕЛЕТІН «ХАШР» СҮРЕСІНІҢ СОҢҒЫ ЕКІ АЯТЫ.

هُوَ اللَّهُ الَّذِي لاَ إِلَهَ إِلاَّ
هُوَ عَالِمُ الْغَيْبِ وَالشَّهَادَةِ هُوَ الرَّحْمَنُ الرَّحِيمُ {٢٢}
هُوَ اللَّهُ الَّذِي لاَ إِلَهَ إِلاَّ هُوَ الْمَلِكُ الْقُدُّوسُ السَّلامُ الْمُؤْمِنُ
الْمُهَيْمِنُ الْعَزِيزُ الْجَبَّارُ الْمُتَكَبِّرُ سُبْحَانَ اللَّهِ عَمَّا يُشْرِكُونَ {٢٣}
هُوَ اللَّهُ الْخَالِقُ الْبَارِئُ الْمُصَوِّرُ لَهُ الأَسْمَاءُ الْحُسْنَى
يُسَبِّحُ لَهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَالأَرْضِ وَهُوَ
الْعَزِيزُ الْحَكِيمُ {٢٤}

Бисмилләһир-рахмәнир-рахим

«Һуаллаһул-ләзи лә иләһә иллә һу, Алимул-ғайби уәш-шәһәдәһ, һуар-рахмәнур-рахим. Һуаллаһул-ләзи лә иләһә иллә һу, Әл-мәликул-Құддусус-сәләмул-Муминул-Муһәйминул-Азизул-Жаббәрул-Мутәкаббир. Субханаллаһи амма юшрикун. Һуаллаһул-Халиқул-Бәриул-Мусауиру ләһул әсмә-ул хуснә. Юсәббиху ләһу мә фис-сәмәуәти уәл-ард, уә һуәл Азизул-Хаким».

КЕШКІ ҚҰПТАН НАМАЗЫНАН КЕЙІН ОҚЫЛУЫ АБЗАЛ БОЛҒАН БАҚАРА СҮРЕСІНІҢ СОҢҒЫ ЕКІ АЯТЫ.

آمَنَ الرَّسُولُ بِمَا أُنزِلَ إِلَيْهِ
مِن رَّبِّهِ وَالْمُؤْمِنُونَ كُلٌّ آمَنَ بِاللَّهِ وَمَلآئِكَتِهِ
وَكُتُبِهِ وَرُسُلِهِ لاَ نُفَرِّقُ بَيْنَ أَحَدٍ مِّن رُّسُلِهِ وَقَالُواْ سَمِعْنَا
وَأَطَعْنَا غُفْرَانَكَ رَبَّنَا وَإِلَيْكَ الْمَصِيرُ ﴿٢٨٥﴾ لاَ يُكَلِّفُ اللَّهُ نَفْساً
إِلاَّ وُسْعَهَا لَهَا مَا كَسَبَتْ وَعَلَيْهَا مَا اكْتَسَبَتْ رَبَّنَا لاَ تُؤَاخِذْنَا إِن
نَّسِينَا أَوْ أَخْطَأْنَا رَبَّنَا وَلاَ تَحْمِلْ عَلَيْنَا إِصْراً كَمَا حَمَلْتَهُ عَلَى
الَّذِينَ مِن قَبْلِنَا رَبَّنَا وَلاَ تُحَمِّلْنَا مَا لاَ طَاقَةَ لَنَا بِهِ وَاعْفُ
عَنَّا وَاغْفِرْ لَنَا وَارْحَمْنَا أَنتَ مَوْلاَنَا فَانصُرْنَا عَلَى
الْقَوْمِ الْكَافِرِينَ ﴿٢٨٦﴾

Бисмилләһир-рахмәнир-рахиим

«Әмәнар-расулу бимә унзилә иләйһи мир-Раббиһи уәл муминун. Куллун-әмәнә билләһи уә мәлә икәтиһи уә кутубиһи уә русулиһ. Лә нуфар-риқу бәйнә ахадим-мир-русулиһ. Уә қалу самиғнә, уә атағнә, ғуфра нәкә Раббанә уә иләйкәл масир. Лә юкәллифуллаһу нәфсан иллә усаһа, ләһә мә кәсәбәт уә алайһә мәктәсәбәт. Раббанәә лә ту-әхизнә ин нәсинә әу ахтанә. Раббанә уәлә тахмил алайнә исран кәмә хамалтәһу алал-ләзинә мин қаблинә. Раббанә уәлә тухаммил нә-мә-лә-та қаталәнә биһ, уәғфу аннә, уәғфир ләнә, уәрхамнә, әнтә Мәуләнә, фансурнә алал қаумил кәфирин».

Жамағатпен намаз оқудың ыртықшылығы

Жамағатпен оқылған намаздың артықшылығы басқа жалғыз оқылған намаздарға қарағанда 25 есе, басқа хадисте 27 есе артық делінген. Сондықтан екі немесе бірнеше мұсылман бас қосқан намазды жамағатпен оқыған абзал.

БЕС УАҚЫТТАН БАСҚА УАҚЫТТАРДА ОҚЫЛАТЫН НАМАЗДАР

Жұма намазы – Бесін намазының уақытында оқылады. Барлығы 10 рәкағат. Бесін намазының 4 рәкағат парызының орнына жұма күні 2 рәкағат парыз оқылады. Намаздың уақыты кіргенде алғашқы 4 рәкағат сүннеті оқылып болған соң құтпа оқылады, кейін 2 рәкағат парыз, соңында 4 рәкағат сүннет оқылып, намаз бітеді.

Жұма намазы кімдерге парыз

1. Ер адам болу. Әйел адамдарға парыз емес.
2. Басы бос, яғни азат болуы керек.
3. Жолаушы болмау.
4. Дені сау болу.
5. Соқыр бомау.
6. Намаз оқуға кедергі болмайтындай дене-мүшелері түгел болу.

Жұма намазының оқылу тәртібі:

Жұма намазының дұрыс оқылуы үшін белгілі тәртіптері бар:

1 - Бесін намазының уақытына сәйкес уақытта оқу.

2 - Намаздан бұрын құтпа оқу.

3 - Намаз оқитын жердің жамағатқа ыңғайлы болуы.

4 - Имамнан басқа ең кем дегенде үш адамның болуы.

Имам Юсуфтың көз-қарасы бойынша жамағат болу үшін имам мен бірге екі адам да жеткілікті дейді.

5 - Жұма намазын оқуға дінбасының рұқсат беруі.

6 - Жұма оқылатын жер қалада немесе соған тең келетіндей халықтың болуы керек.

Айт күндерінде оқылатын намаздар

Жұма намазы парыз болған мұсылмандар үшін жылына екі рет уәжіп болған айт намаздар бар.

Айт күндерінде оқылатын намаз 2 рәкағаттан тұрады және жамағатпен оқылады. Намаз уақыты күн шыққаннан кейін 45 мин не 1 сағ. шамасында оқылады. Намаз уақыты кіріп намаз басталғанда, жамағат имаммен бір сапта тұрып ниет етеді: «Ниет еттім құрбан немесе ораза айт намазын оқуға, ұйыдым осы имамға» деп ниет етеді.

Жолаушының намазы

90 шақырым (жаяу шамамен 18 сағат немесе 3 күн жол жүру) ұзақтыққа жолаушылап шыққан адам жолаушы болып, намаздарын қысқартып оқиды. Жолаушы адам барған жерінде 15 күн немесе одан да көп күн қалатын болса жолаушы болып есептелмейді. Ал 15 күннен аз болса жолаушы болып есептеледі. Егер жолаушы сол күні немесе келесі күні қайта жолға шығуға ниет етсе жолаушы болып есептеледі. Бұл ниет 10 жыл бойы жалғасса да жолаушы болып есептеледі.

Жолаушыға дініміздің жеңілдігі ретінде 4 рәкағат парыз намаздар 2 рәкағат болып қысқартылады. Ал 3 рәкағатты, 2 рәкағатты намаздар қысқармайды. Егер жолаушы жол сапарында намаз оқуға қолайлы орын тапса, намаздардың сүннеттерін де оқуына болады.

ИСЛАМҒА КІРУ ЖОЛЫ

«Кәлимә таухид және кәлимә шәһәдәт»



Қалай мұсылман боламыз?

Мұсылман деп, ««Кәлимә таухид пен Кәлимә шәһәдәт» - сөзін тілімен жеткізіп, шын жүректен сенген адамды айтамыз.

Ислам негіздері деген не?

«Кәлимә таухид»

لاَ إِلَهَ إِلاَّ اللهُ مُحَمَّد رَسُولُ للهِ

«Лә иләһә Иллаллаһ, Мұхаммәдур-расулуллаһ.»

Мағынасы: *«Аллаһтан басқа Тәңір жоқ, Мұхаммед Оның елшісі».*

Аллаһтың атымен еш нәрсе және ешбір жаратылыс аталмайды. Аллаһтан басқа ешкімге және ешбір нәрсеге табынуға болмайды. Сондай-ақ Аллаһ есіміне тең келер ешбір мағына жоқ.

Лә Иләһә: Басқа Тәңірлерді қабыл етпеуге сөз беріп, оларды қабыл етуден жүрегімді тазартамын. Барлық Тәңірлерден бас тартып, тазартылған жүрегімді жалғыз Аллаһқа және Оның дініне арнаймын. Үйді су үстіне

тұрғыза алмайтын болсақ, дәл солайша ауру жүрекке де иман орнықпайды.

Иллаллаһ: Ойдан шығарылған Тәңірлерден бас тартып, жалғыз Аллаһ Тағаланы қабыл етемін.

Мұхаммәдур-расулуллаһ: Барлық дінде жоқ нәрселерді тәрк етіп, тек өзімнің Раббыма, қасиетті құрандағы Аллаһтың әмірлеріне және Аллаһтың Пайғамбарымызды (с.а.у.) үйреткеніндей және бізді де Пайғамбарымыз (с.а.у.) үйреткендей табынамын.

«КӘЛИМӘ ШӘҺӘДАТ»

أَشْهَدُ أَنْ لآ إِلٰهَ إِلاَّ اللّٰهُ وَأَشْهَدُ أَنَّ مُحَمَّدًا عَبْدُهُ وَرَسُولُهُ

«Әшһәду әллә Иләһә Иллаллаһ, уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ».

Мағынасы: *«Мен Аллаһтан басқа Тәңір жоқ екендігіне және Мұхаммед Оның құлы әрі елшісі екендігіне куәлік етемін».*

Әшһәду әллә Иләһә Иллаллаһ: *шын жүректен, күдіксіз рас деп сеніп, сенімімді тіліммен жеткізіп: «Аллаһтан басқа Тәңір жоқ, әлемді және адамдарды құдіретімен ұстап тұратын күш тек Аллаһқа ғана тән. Және Аллаһқа тең келемін дейтін барлық әлсіз жаратылыстарды тәрк етемін».*

АЛЛАҺҚА ИМАН

ӘҢГІМЕ:

Аллаһ бізді әрдайым көріп тұрады.

Салих атасынан былай деп сұрады:

- Ата, біз неге Аллаһты көре алмаймыз? Атасы

- Өйткені біздің көзіміз солай жаратылған, Аллаһты көре алмаймыз – деп жауап берді.

- Ол қалай сонда ата?

- Сен фотобейнемен барлық нәрсені түсіре аласың ба?

- Иә, түсіре аламын.

- Жүрегіңді, өкпеңді де ме?

- Жоқ, оларды тек рентген апаратымен түсіре аламыз.

- Міне, көрдің бе, екі апаратта түсіруге арналған болса да, фотобейнелеуші апарат рентгеннің апараты сияқты түсіре алмайды. Өйткені олардың құрылымы әр түрлі жасалған. Біздің де көздеріміз Аллаһты көре алмайтындай жаратылған. Сонда немересі:

- Ал Ол бізді көре алады ма?-деп сұрады.

- Әрине, Ол бізді жарықсыз қараңғы түнде, үстімізде қара киім болса да көре алады.

АЛЛАҺТЫҢ СИПАТТАРЫ

А – Зати сипаттары, Б – Субути сипаттары

А – Зати сипаттар (Тек Аллаһқа ғана тән) олар алтау:

1. Ужуд: Бар болу. Ұлы Аллаһ әрдайым бар және Оның қалауы өз еркінде.

2. Қидам: Бар болуының бастамасы жоқ. Ұлы Аллаһтың бар болуының басы жоқ. Ол туылмады, әрдайым бар.

3. Бәқа: Бар болуының соңы жоқ. Ол мәңгі.

4. Уәхдәният: Аллаһтың бір болуы. Аллаһ жалғыз, ұқсасы, серігі және Оған тең келер ешбір Құдірет жоқ.

5. Мухаләфәтун лил Хауадис: Аллаһ жаратқан нәрселердің ешқайсысына ұқсамайды.

6. Қиям би Нәфсиһ: Аллаһтың бар болуы өздігінен. Ол өздігінен бар Құдірет. Ешкімге, еш нәрсеге мұқтаж емес. Керісінше барлық нәрсе Оған мұқтаж.

Б - Субути сипаттар олар: сегіз

1. Әл-Хай: Тірі болу. Аллаһ әрдәйым тірі және әлемді басқарушы.

2. Әл-Илм: Білуші. Аллаһ барлық, кез келген нәрсені біледі.

3. Самиғ: Естуші. Аллаһ барлық нәрсені естуші.

4. Басар: Көруші. Аллаһ барлық нәрсені көруші.

5. Ирада: Қалаушы. Аллаһ қалағанын жасаушы.

6. Құдірет: Күші жетуші. Күші мен Құдіреті барлық жаратылыстан үстем.

7. Кәләм: Сөйлеу. Аллаһ қалағанымен қандай әдіспен болсада сөйлесе алады.

8. Тәкуин: Жаратушы. Көк пен жердің арасындағылар-дың барлығын Аллаһ жаратты.

АЛЛАҺТЫҢ СИПАТТАРЫНА ҚАТЫСТЫ СҰРАҚТАР

Сені кім жаратты?	**Аллаһ**
Барлығын көруші кім?	....
Барлығын естуші кім?	....
Барлығын білуші кім?	....
Ризық беруші кім?	....
Барлық нәрсені кім жасай алады?	....
Барлық нәрсені кім, қалай алады?	....
Кімнің бар болуының бастамасы жоқ?	....
Мәңгі бар болатын кім?	....
Кімге ешнәрсенің теңі жоқ?	....
Кімге ешнәрсе ұқсамайды?	....
Ешбір нәрсеге мұқтаж болмаған кім?	....
Кім өлмейді?	....
Кімнің күші шексіз?	....
Кім тумады және туылмады?	....
Біздің қорғаушымыз кім?	....
Бізді кешіруші кім?	....
Бізге өмір берген кім?	....
Сенің Раббың кім?	....
Ұлық болған кім?	....
Кім өте көркем? (әдемі)	....
Бізге ең жақын, сүйікті болған кім?	....
Кімнен жәрдем сұраймыз?	....
Біздің қамқоршымыз кім?	....
Кім бізге тағам мен ішетін нәрсе береді?	....
Кім бізді жамандықтан қорғайды?	....

Барлық жаратылысты Аллаһ жаратты

Бұл әлемді жаратқан кім?	**Аллаһ**
Жұлдыздарды жаратқан кім?	....
Айды кім жаратты?	....
Күнді жаратқан кім?	....
Жерді, аспанды, ауаны жаратқан кім?	....
Аспандағы жұлдыздарды ұстап тұрған кім?	....
Жаңбырды жаудыратын кім?	....
Адамды жоқтан бар еткен кім?	....
Мені кім жаратты?	....
Ата-анамды жаратқан кім?	....
Жануарларды жаратқан кім?	....
Өсімдіктерді жаратқан кім?	....
Кім тауларды жаратты?	....
Көкөністер мен жемістерді жаратқан кім?	....
Өсімдіктерді жаратқан кім?	....
Несібені беретін кім?	....
Кім өлі жерден өсімдік өсіреді?	....
Кім бір тамыр арқылы әр түрлі гүлдер мен хош иістерді шығарады?	....
Тіршіліктің өмірін тоқтататын кім?	....
Мына әлем кімнің иелігінде?	....

Аллаһтың алдындағы міндетіміз

1 – Бір ғана Аллаһқа сену, Оған ортақ қоспау.

2 – Аллаһты барлық жаратылыстан, жан тәнімен артық сүю

3 – Тек Одан ғана күнәдан құтылудың жолын іздеу.

4 – Аллаһтан ғана жәрдем сұрау, Оған ғана үміт арту.

5 – Оған ғана бас ию.

6 – Оның бергендеріне ғана шүкір ету.

7 – Оның жақсы көрген нәрселерін жақсы көріп, жақсы көрмеген нәрселерін жек көру.

8 – Оның әмір еткен бұйрықтарын орындап, Оның тыйым салған нәрсесінен аулақ болу.

ӘҢГІМЕ:

Имам Ағзам Абу Ханифаның Аллаһтың бар екендігін жоққа шығарып, тәкаппарланған адамға берген жауабы.

Ертеректе Бағдат қаласында өте танымал бір адам өмір сүріпті. Оның аты Имам Ағзам Абу Ханифа. Ол атақты ғалым болыпты және көптеген шәкірттері бар екен. Адамдар арасында өте құрметті болыпты.

Сол заманда өзін білгіш санайтын тәкәппар бір адам болыпты. Ол Аллаһтың бар екендігін жоққа шығарып, жүрген жерінде әркіммен дауласып жүреді екен.

Бұл тәкәппар адам Абу Ханифаның атын естіп, онымен дауласу үшін Бағдат қаласына келіп, Абу Ханифаға мына сұрақты қойған екен. «Аллаһ бар ма, әлде жоқ па?» деп сұрайды. Абу Ханифа бұл сұраққа дәл қазір жауап бермейтінін айтып, келесі күні уәделескен жерге, айтылған уақытта келуін айтып, сол жерде сұрағының жауабын алатындығын білдіреді

Өздеріңізге белгілі Бағдат қаласын кесіп, екіге бөліп ағып жатқан «Тигр» өзені бар.

Келесі күні Абу Ханифа айтылған уақытта, белгіленген жерге келмейді. Тәкәппар адам ол кісіні ұзақ уақыт күтеді. Келмеген соң қайтуға бел буғанда, Абу Ханифа келеді. Тәкәппар адам ол кісіні көре сала айқайлап: «Неге кешіктің? Сен менімен дауласуға қорқатын шығарсың!» - дейді.

Абу Ханифа:

- Жоқ, қорықпаймын. Сен білесің ғой, мен өзеннің арғы жағында, қаланың екінші шетінде тұрамын. Түнде қатты

дауыл көпірді жұлып әкетті. Мен өзенге жақындап, көпірдің өзінен-өзі қайта қалпына келуін сұрадым. Талдар мен тастарға әмір етіп көпір болуларын бұйырдым. Шындығында бұл біраз уақытымды алды, бірақ кешіксем де бұл жерге келдім ғой» - дейді. Тәкәппар адам айқай салып:

- Сен барып тұрған өтірікшісің. Көпір қалайша өз-өзінен ешбір құрылысшысыз, инженерсіз құрастырылып соғыла қалады? Саған сенген адамдар да ақымақ екен. Сонда Абу Ханифа:

- Ей, әлсіз болған адам! Көзіңді аш, оян! Сен көпірді өз-өзінен құрылмайды дейсің, сонда мына әлем қалайша өз-өздігінен пайда бомақ? Талдағы жапырақтың өзі Оның қалауынсыз қимылдай алмайды. Ал, сен болсаң әлі күнге шейін ешбір нәрсенің себепсіз, өз-өзінен болмайтындығын түсінбейсің» деп Аллаһқа қарсы шығушы тәкәппар адамды қатты ойға салып қойған екен.

ПЕРІШТЕЛЕРГЕ ИМАН

Періштелердің ерекше қасиеттері:

А) Періштелер нұрдан жаратылған. Олар күнә істерді ітемейді, еркек, әйел болып бөлінбейді. Тамақ ішуге, жеуге мұқтаж емес.

Ә) Періштелер көрінбейді.

Б) Олар тек Аллаһтың әмірін орындайды. Олар ғайыпты да білмейді.

Періштелердің қызметі.

Періштелердің қызметі, Аллаһты мадақтап, Оны ұлықтау және Оның бұйрықтарын орындау.

Төрт үлкен періштелердің міндеті:

1. Жәбірейіл (а.с.) - Пайғамбарларға қасиетті кітаптарды (уахи) жеткізуші.

2. Микайл (а.с.) - Табиғаттағы құбылыстарды басқарып отыруға міндеттелген (жаңбыр, жел т.б.).

3. Исрафил (а.с.) – Қиямет күнін хабарлап, сүр деген аспапты үрлеуші.

4. Әзрәйіл (а.с.) – Өмірі біткен адамдардың жанын алушы.

Олар ең күшті періштелер. Ұлы Аллаһ осы періштелер арқылы Өз әмірлерін басқа періштелерге жеткізеді.

Бұлардан өзге де періштелердің қызметі:

Кираман-Кәтибин: Бұл екі періште адамның оң және сол иығында адамдардың жақсы, жаман істеген істерін жазып отырады. Оң иықтағы періште жақсы амалын, сол иықтағы періште жаман амалдарын жазып отырады. Қиямет күні осы қылықтары амал дәптеріне жазылған күйде болады.

Мүнкар және Нәкір: Бұл періштелер біздерден қабірде сұрақ сұрайды.

ӘҢГІМЕ:

Әзірейіл (а.с.) періште бір мезетте 1000 адамның жанын қалай алады?

Қымбатты балалар! Мұны сендер де білулерің керек. Қане біздің жанымызды жанып тұрған электр шамына ұқсатып, елестетейік. Ал оның өшуін өліммен ұқсатайық. Біздің үйімізге кіріп тұрған электр сымдары электр станциясына жалғанған. Ал, енді ойланып көріңіздерші, сол жерді басқаратын инженер түгелдей бір қаланың жанып тұрған электр жарығын өшіруді жұмысшыларына бұйырса не болады? Жұмысшы сол әмірді орындап бүкіл қалада жанып тұрған электр жарығын сөндірсе, әрине бәрі бірдей жарықсыз қалады.

Сол сияқты біздің жанымыз көрінбей тұрған электр сымдары сияқты, Әзірәйіл періштенің міндетіндегі бір нүктеге тәуелді. Оның саусағының бір қозғалысымен мыңдаған денелер жансыз қалуы мүмкін. Оның үстіне Әзірейіл (а.с.) періштенің қарамағында мыңдаған қызметші періштелер бар. Әзірәйілдің әмірімен олар мыңдаған адамдардың жанын оп-оңай алады.

ҚАСИЕТТІ ИЛӘҺИ КІТАПТАРҒА ИМАН

Қасиетті кітаптар - Ұлы Аллаһ тарапынан пайғамбарларға жіберілген уахи.

Уахи - Аллаһ тағаладан Жәбірейіл (а.с.) періште арқылы Пайғамбарларға білдірілген нақты хабар. Уахи тек пайғамбарларға ғана білдіріледі. Кейбір, бірнеше парақтардан ғана тұратын қасиетті кітаптарды «Сухуф» деп атайды. Олар:

Адамға (а.с.) – ға – 10 сухуф
Шит пайғамбарға (а.с.) – 50 сухуф
Ыдырыс пайғамбарға (а.с.) – 30 сухуф
Ибрахим (а.с.) пайғамбарға – 10 сухуф

Бұл парақтардың ешқайсысы да сақталмаған.

Қасиетті төрт кітап

1. Таурат: Мұса пайғамбарға жіберілген. Уақыт өте келе адамдар тарапынан өзгертілген.

2. Забур: Дәуіт (а.с.) пайғамбарға жіберілген. Уақыт өте келе адамдар тарапынан өзгертілген кітап.

3. Інжіл: Иса (а.с.) пайғамбарға жіберілген. Бұл да адамдар тарапынан өзгертілген.

4. Қаситтеті Құран: Мұхаммедке (с.а.у.) жіберілген. Әлі күнге шейін өз қасиетін жоғалтпаған, мағынасы өзгертілмеген жалғыз кітап.

Қазіргі заманда кейбір мұсылман бауырлар, құрметсіздік көрсетіп, қасиетті Құранды тек өлілер үшін оқылады, қабірдің басында ғана оқылады деп санайды. Және мағынасын түсінбесе де ауру кісілерге оқылу үшін түскендей есептейді.

Қасиетті құранда Ұлы Аллаһтың қойған бүкіл өмірлік заңдылықтары мен тәртіптері қамтылған. Ол тәртіп пен шариғат мұсылманның туылуынан өліміне дейін қажет.

Мұсылман өзінің өмірлік бағытында қандай да бір мәселеге ұшырағанда Құранның әмірлеріне сәйкес амал жасауы қажет.

Қасиетті Құран жиырма үш жылда түсіп, 114 сүреден, 6666 аяттан тұрады.

ПАЙҒАМБАРЛАРҒА ИМАН

Пайғамбарлар – адамдардың арасынан таңдалған құлдар. Олар Ұлы Аллаһтан келген уахиді адамдарға жеткізуші елші.

Пайғамбарлардың бойында міндетті түрде болуы керек ерекшеліктер.

1 - Сыддық: Пайғамбарлар өте адал және шыншыл адамдар.

2 - Аманат: Пайғамбарлар қай жағынан болсын сенімді. Яғни, ешуақытта аманатқа қиянат жасамайды.

3 - Таблиғ: Пайғамбарлар Аллаһтан келген діни үкімдер мен заңдарды толық, еш өзгеріссіз, айнытпай адамдарға жеткізген.

4 - Фатанат: Пайғамбарлар өте зерек, ақылды.

5 - Исмат: Олар ешуақытта күнә істемейді.

Пайғамбарлардың саны:

Ең алғашқы Пайғамбар Адам (а.с.), ал ең соңғы Пайғамбар Мұхаммед (с.а.у.). Әрине олардың арасында көптеген пайғамбарлар болған.

Барша пайғамбарлардың міндеті: адамдарды бір Аллаһқа сенуге, тек Оған ғана құлшылық ету керектігін жеткізген.

Алғашқы Пайғамбарлар өмірден өтсе адамдар басқа тәңірлерге табына бастайтын болған. Сонда Ұлы Аллаһ Тағала оларға басқа пайғамбарлар жіберіп отырған.

Құран Кәрімде аты аталған пайғамбарлар

Адам (а.с.)	Ибрахим (а.с.)	*Мұса (а.с.)*	*Жүніс (а.с.)*
Ыдырыс (а.с.)	*Ысмайл (а.с.)*	*Харун (а.с.)*	*Ильяс (а.с.)*
Нух (а.с.)	*Ысхақ (а.с.)*	*Дәуіт (а.с.)*	*Әл-Ясағ (а.с.)*
Худ (а.с.)	*Яғқуб (а.с.)*	*Сүлеймен (а.с.)*	*Закария (а.с.)*
Салих (а.с.)	*Жүсіп (а.с.)*	*Әйюб (а.с.)*	*Яхия (а.с.)*
Лут (а.с.)	*Шұғайып (а.с.)*	*Зүлкифл (а.с.)*	*Иса (а.с.)*
Хазірет Мұхаммед (с.а.у.)			

Мұғжиза – таңғажайып уақиғалар, керемет деген мағыналарды береді. Аллаһ тағаланың қалауымен, Пайғамбарлықты дәлелдеу үшін көрсеткен таңғажайып уақиғалар. Мұндай муғжизаларды адамдар Аллаһтың қалауынсыз жасай алмайды. Бұл тек белгілі құлдарға (пайғамбарларға) берілетін қасиет.

АҚЫРЕТ КҮНІНЕ ИМАН

Бұл Исрафил (а.с.) періште сүр аспабына үрлеген кезде, жаны бардың барлығы өледі. Міне осы уақыттан бастап, қайта тірілу уақытына дейін және жәннаттықтар жәннатқа, тозақтықтардың тозаққа кіруін ақырет күнідейміз.

Адамдардың жалған дүниеде жасаған істері үшін есепке алынып, мәңгі өмірге аттануын ақірет күні дейміз. Бұл күннің көптеген атаулары болғанымен негізгі атауы «Ақырет» (тіршіліктің тоқтауы) деп аталады.

Қабірдегі өмір: Адамдардың өлген уақытынан бастап есеп күніне дейінгі уақыт «Қабір өмірі» деп аталады. Адамды жерге көмгеннен кейін екі періште келіп сұрақ қояды: «Раббың кім?, Пайғамбарың кім? Қай сенімдесің?» және т.б. Бұл сұрақтар әрбір пендеге қойылады, тіпті ол адам жанып, күлге айналса да. Кім жәннатқа баруға лайық болса, қабірдің бір бақшасында, ал тозаққа лайық болса тозақтың шұңқырында азапталады.

Қабірдегі өмірді – жалған өмірмен салыстыруға болмайды. Бұл белгілі бір өткінші уақытта адамның ұйықтап жатқан кезіне ұқсайды.

Жәннат: Аллаһтың мұсылмандарға дайындаған сый-сияпат күні. Қасиетті құранда: **«Ол жерде олар үшін әр нәрсе бар, сондай-ақ Біз оларға артығымен береміз»** (Қаф сүресі, 35 аят).

Жәһаннам: Бұл жаза Аллаһтың әмірлеріне қарсы келгендер үшін дайындалған. Ол жерде екі жүзділер мен имансыздар болады. Ал күнәһәр мұсылмандар жазасын алғаннан кейін жәһаннамнан шығады. Ал екі жүзділер мен кәпірлер онда мәңгі қалады.

Махшар (жиналу алаңы): Исрафил «сурды» бірінші рет үрлеген кезде барлық тіршілік иесі өледі. Бірде бір тірі жан қалмайды. Тек Ұлы Аллаһ Тағала ғана болады. Бұл уақиға белгілі уақытқа дейін жалғасады. Содан кейін Исрафилды

(а.с.) қайта тірілтіп, екінші рет қайта сүрге үрлегенде барлық адамдар қайта тіріліп, есеп беру үшін, махшар алаңына жиналады.

Амал дәптер: Өмірде періштелердің жазып алған жақсы, жаман амалдары жазылған амал дәптерлері махшар алаңында беріледі. Жәннатқа кіретіндерге оң жағынан, жәһаннамға кіретіндер үшін сол жақтарынан беріледі.

Есеп (хисаб): Ұлы Аллаһ құлдарының барлығынан бірдей есеп алады. Құлдардың әрқайсысы тек өздерінің жасаған істері үшін ғана есеп береді. Пайғамбарымыз (с.а.у.) ешбір пенде мына сұрақтарға жауап берместен орындарынан қозғала алмайды:

1 – Өміріңді қалай өткіздің?

2 – Саған берілген білімді қайда жұмсадың?

3 – Дүние мүлікті қалай таптың және оны қайда жұмсадың? Және ол дүние адал жолмен табылды ма, әлде арам жолмен табылды ма?

4 – Саған берілген денені қай жолда жұмсадың? Аллаһқа жақындау жолында ма, әлде Аллаһтың тыйым салған жолында ма?

Әрбір адам осы сұрақтарға толық жауап береді.

Сырат (көпір): Бұл әрбір адамның өтетін көпірі. Бұл көпір тозақтың үстіне салынады. Мұсылмандар көпірден өтіп жәннатқа кіреді. Ал кәпірлер мен екі жүзділер көпірден өте алмай, тозаққа құлайды. Бұл көпірден өту қаншалықты қиын болса, сол адамдар үшін бұл өмірде Аллаһ тағалаға құлшылық жасау соншалықты қиын болады екен.

Бұл өмірге келдк біз тәубе үшін,
Жолаушымыз өмірде, өлеміз қайта тірілу үшін.

ӘҢГІМЕ:

Төрт құстың тірілуі:

Ибрахим (а.с.) пайғамбар былай деген екен: «Жанды беретін де, алатын да Аллаһ» және мен оған шын жүректен сендім.

Бір күні ол дұға жасап: «Уа Раббым! Маған өлілерді қалай тірілтетініңді көрсет» - деп өтініпті. Аллаһ:

- «Ей, Ибрахим! Сен бұған сенбеймісің?»-деді.

- «Уа, Раббым! әрине сенемін. Бірақ жүрегім орнығу үшін көзіммен көрсем деймін. Сонда Аллаһ Ибрахим пайғамбарға:

- Төрт құсты тауып, оларды шақыр. Сонсоң оларды өлтір. Сөйтіп оларды бөлшектеп бір-бірімен араластырып таудың үстіне қой да, өзіңе қайта шақыр. Сонда олардың саған жүгіріп келгенін көресің. Мұны көр, жүрегіңді иманмен толықтыр және Аллаһтың аса ұлы жаратушы екендіне сен. Осылайша Ибрахим пайғамбар қатты қуанды. Аллаһтың бұйырғанындай төрт түрлі құс: кептер, тауықтың қоразы, қарға және тауыс құсын шақырғанда әр жерде жүрген құстар дереу ұшып келді. Осылайша бір күні бұларды (құстарды) Аллаһтың әмірі бойынша сойып, төрт бөлікке бөліп, төртеуін төрт жерге таудың ең шыңына апарып қояды. Содан соң оларды қайта шақырғанда өлі құстар тіріліп, өзіне қайта келеді. Мұны көрген Ибрахим (а.с.) пайғамбар Раббысына бас иіп, тәубесіне келіп, шүкір етті. Осылайша сеніміне берік болды.

ТАҒДЫР МЕН ҚАЗАҒА ИМАН

Тағдыр деп – Ұлы Аллаһтың барлық құбылыстардың мезгілін, уақытын, орнын, келешекте қалай болатындығын біліп, белгілеп, жазып қойуын айтамыз. Себебі Аллаһ «Ғылым» Білуші деген сипатқа ие. Барлығын білуші Ол: өткенді де, келешекті де толығымен біледі.

Қаза – Барлық болып жатқан құбылыстар жалғыз Аллаһтың қалауымен орындалады. Белгіленген уақытта, белгіленген жерде іске асады. Өмірде болатын әрбір істі Аллаһ өзі белгілеп қойған. Адам тек Аллаһ тағаланың қалауымен ғана қалай алады. Демек «қаза» деп, Аллаһтың ежелден белгілеп қойған құбылыстарын мезгілі келгенде тағдырға жазылғандай іске асуын айтамыз. Егер тағдырды бір жоспарға ұқсатсақ, «қаза» - жоспарға сәйкес сол нәрсенің іске асуы болып есептеледі.

Адамның істері және жауапкершілігі

1) Адамның өз қалауынан тыс болатын істер.

Біздің бұл өмірге келуіміз, жынысымыз, ата-анамыздың болуы, өмірдің бітуі т.б. Бұл жағдайлар біздің қалауымыздан тыс, әрі ол істеріміз үшін жауапты емеспіз.

2) Адамның қалауына байланысты болатын істер.

Аллаһ бізге қалау еркін берген. Егер бізде қалау болмағанда, Аллаһ біздің жасаған күнәларымыз үшін жаза, ал жақсы амалдарымыз үшін сауап бермес еді. Демек біз тек өз қалауымызда болған амалдардан жауаптымыз.

3) «Мұны не үшін істедің?» деген сұраққа жауаптымыз.

Мысалы: Автобусты жүргізетін жүргізуші өз қалауымен оңға және солға бұра алады немесе түзу жүре алады. Қалағанынша жағдайда тежегішке баса алады. Енді осы автобус аударылып, апатқа ұшырайтын болса, жүргізушіден автобустың маторының қалай жұмыс істейтіндігін сұрамайды. Оған не үшін өте қатты жүріп, оңға-солға бұрып айдағаны үшін, неліктен дер кезінде автобусты тоқтатпағандығы үшін сұралады.

ЖАҚСЫЛЫҚ ПЕН ЖАМАНДЫҚТЫҢ АЛЛАҺ ТАҒАЛАДАН ЕКЕНДІГІНЕ СЕНУ

Жақсылық – адамдарға пайда беретін амалдар.

Жамандық – адамдарға зиян болған амалдар.

Ұлы Аллаһ жалғыз жаратушы және Ол ғана жақсылық пен жамандықты жаратты. Құран кәрімде: «Аллаһ барлық нәрсені жаратушы», біздің дінімізде тек жақсы істерді жасауды әмір еткен және жамандық жасаудан тыйған.

Жамандықты жаратудағы мақсаты:

А) Жаман нәрселердің барлығы, біз үшін әрдайым тек жаман болып керінуі мүмкін. Әрбір нәрсе Аллаһтың білуімен болады. Бізге зиянды болып көрінген кейбір іс-әрекеттер біз үшін және басқалар үшін де қажетті, пайдалы болуы әбден мүмкін.

Ә) Жамандық жақсылықтың қадірін білу үшін қажет. Жақсылықтың қандай құнды екендігін жамандық арқылы білеміз. Мысалы: бір адам ауырмайынша, денсаулығының қадірін білмейді.

Жақсылық пен жамандыққа деген көз-қарасымыз

Әрбір жақсылық үшін Аллаһ Тағалаға шүкіршілік айтуымыз керек. Қандай да бір жамандық келсе, оған сабыр етіп, жамандықтан сақтанып, қорғануымыз қажет.

Ризық: Тіршілік иелеріне керекті әрі пайдаланатын нәрселерін Аллаһ белгілеп қойған. Адамның жауапкершілігі осы белгілеп, беріліп қойған ризықты тауып, жеу. Бірақ пенде оны екі жолмен, адал яки арам жолмен табады. Адамның міндеті – ризығын адал жолмен табу.

Ажал: Бұл, адам өмірінің біткен уақытына айтылады. Ешбір пенде өзінің қай уақытта өлетіндігін білмейді. Жастық шағында ма, қартайған шағында ма? Ауру кезде ме? Әлде сау кезінде ме? Барлығын Аллаһ Тағала белгілеп, жазып қойған. Құранда: **«Ал енді олардың ажалы келсе, олар оны бір сәтке кейіндете де алмайды және ілгерілете де алмайды»** (Нахл сүресі, 61 аят).



ҚЫСҚА СҮРЕЛЕР МЕН ДҰҒАЛАР

Ескерту: Транскрипция арқылы оқу мен арабша оқудың арасында үлкен айырмашылық бар. Сондықтан, лажы барынша арабша үйренуге тырысу керек.

СУБХАНӘКӘ:

سُبْحَانَكَ اللّٰهُمَّ وَبِحَمْدِكَ وَتَبَارَكَ اسْمُكَ وَتَعَالٰى
جَدُّكَ (وَجَلَّ ثَنَآؤُكَ) وَ لَآ اِلٰهَ غَيْرُكَ.

«Субханакә Аллаһуммә уә бихамдик, уә тәбәракәсмук, уә тәғалә жәддук (уә жәллә сәнә-ук), уә лә, иләһә ғайрук».

Мағынасы: «Ей, Аллаһым! Сені кемшілік сипаттардан пәктеймін, Сен ғана мақтауға лайықсың, Сенің атың мүбәрак, дәрежең өте жоғары, Сенен басқа Тәңір жоқ».

(Жақшаға алынған сөз тек жаназа намазында ғана оқылады).

ӘТТӘХИЯТ ДҰҒАСЫ:

اَلتَّحِيَّاتُ لِلّٰهِ وَالصَّلَوَاتُ وَالطَّيِّبَاتُ السَّلَامُ عَلَيْكَ
اَيُّهَا النَّبِيُّ وَرَحْمَةُ اللّٰهِ وَبَرَكَاتُهُ السَّلَامُ عَلَيْنَاوَعَلٰى
عِبَادِاللّٰهِ الصَّالِحِينَ اَشْهَدُ اَنْ لَآ اِلٰهَ اِلَّا اللّٰهُ
وَاَشْهَدُ اَنَّ مُحَمَّدًاعَبْدُهُ وَرَسُولُهُ.

«Әттәхияту лилләһи уәссаләуәту уәттайибәт, Әссәләмә алайкә, әйюһәннәбийю уә рахматуллаһи уә баракәтуһ, Әссәләму алайнә уә ала ғибәдилләһис-

салихин, Әшһәду әллә иләһә иллаллаһ уә әшһәду әннә Мұхаммәдән абдуһу уә расулуһ».

Мағынасы: Тілмен және мал-мүлік арқылы жасалған амалдар – Аллаһқа тән. Ей, пайғамбар! Аллаһтың сәлемі, игілігі мен берекеті саған болсын! Сәлем, бізге және Аллаһтың барлық жақсы құлдарына болсын. Аллаһтан басқа ешбір Тәңір жоқ екендігіне және шын мәнінде Мұхаммед Аллаһтың құлы, әрі елшісі екендігіне куәлік етемін.

АЛЛАҺУММӘ САЛЛИ:

اَللّٰهُمَّ صَلِّ عَلٰى مُحَمَّدٍ وَ عَلٰى اٰلِ مُحَمَّدٍ كَمَا صَلَّيْتَ
عَلٰى اِبْرَاهِيمَ وَ عَلٰى اٰلِ اِبْرَاهِيمَ اِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ.

Аллаһуммә салли және Аллаһуммә барик дұғалары.

«Аллаһуммә салли ала Мұхаммәдин уә ала әли Мұхаммәдин кәмә саллайтә алаа Ибрахимә уә ала әли Ибрахимә иннәкә хамидун мәжид».

Мағынасы: «Әй, Аллаһ! Ибрахимге және ұрпақтарына игілік еткенің сияқты Мұхаммедке және ұрпақтарына игілік ет. Шын мәнінде Сен аса мақтаулы, әрі жоғарысың».

АЛЛАҺУММӘ БӘРИК:

اَللّٰهُمَّ بَارِكْ عَلٰى مُحَمَّدٍ وَ عَلٰى اٰلِ مُحَمَّدٍ كَمَا بَارَكْتَ
عَلٰى اِبْرَاهِيمَ وَ عَلٰى اٰلِ اِبْرَاهِيمَ اِنَّكَ حَمِيدٌ مَجِيدٌ.

«Аллаһуммә барик ала Мұхаммәдин уә ала әли Мұхаммәдин кәмә бәрактә ала Ибрахимә уә ала әли Ибрахимә иннәкә хамидун мәжид».

Мағынасы: «Әй, Аллаһым! Ибрахимге және ұрпақтарына береке бергенің сияқты Мұхаммедке және ұрпақтарына береке бер. Шын мәнінде Сен аса мақтаулы, әрі жоғарысың»

РАББӘНӘ ДҰҒАСЫ:

رَبَّنَآ اٰتِنَا فِي الدُّنْيَا حَسَنَةً وَ فِي اْلاٰخِرَةِ حَسَنَةً وَقِنَا عَذَابَ النَّارِ ۞

رَبَّنَا اغْفِرْ لِى وَ لِوَالِدَىَّ وَ لِلْمُؤْمِنِينَ يَوْمَ يَقُومُ الْحِسَابِ ۞

«Раббәнә әтинә фиддуния хасанәтән уә фил әхирати хасанәтән уәқинә азабәннәр, Раббәнағфирли уәли уәлидәйә уәлил мумининә яумә яқумул хисаб»

Мағынасы: «Раббым! Біздерге дүниеде де, ақиретте де жақсылық бер және бізді тозақ отынан сақтай гөр. Ей, біздің Раббымыз! Мені, ата-анамды және барлық муминдерді есеп күнінде кешіре гөр».

ҚҰНТ ДҰҒАСЫ:

اَللّٰهُمَّ إِنَّا نَسْتَعِينُكَ وَ نَسْتَغْفِرُكَ وَ نَسْتَهْدِيكَ وَ نُؤْمِنُ بِكَ وَ نَتُوبُ اِلَيْكَ وَ نَتَوَكَّلُ عَلَيْكَ وَ نُثْنِى عَلَيْكَ اْلخَيْرَ كُلَّهُ نَشْكُرُكَ وَ لاَ نَكْفُرُكَ وَ نَخْلَعُ وَ نَتْرُكُ مَنْ يَفْجُرُكَ.

«Аллаһуммә иннә настағинукә уәнастағфирукә уәнәстаһдик. Уә нумину бикә уәнәтубу илəйкә. Уәнәтәуәккәлу алайкә уә нусни алайкәл хайра улләһу нәшкурукә уәлә накфурукә. Уәнахләғу уәнәтруку мәйяфжурук»

Мағынасы: «Әй, Аллаһым! Шын мәнінде біз Сенен ғана жәрдем тілейміз. Күнәларымызды кешіріп, тура жолыңа салуыңды тілейміз. Саған иман келтіреміз, Саған тәубе

қыламыз, Саған тәуекел етеміз, Сені жақсы дәріптейміз, Саған шүкір етеміз, Саған қарсы келмейміз, Саған қарсы келгендерден аулақпыз»

اَللّٰهُمَّ اِيَّاكَ نَعْبُدُ وَ لَكَ نُصَلّٖى وَ نَسْجُدُ وَ اِلَيْكَ نَسْعٰى وَ نَحْفِدُ نَرْجُو رَحْمَتَكَ وَ نَخْشٰى عَذَابَكَ اِنَّ عَذَابَكَ بِاْلكُفَّارِ مُلْحِقٌ.

«Аллаһуммә ийякә нағбуду уәләкә нусалли уәнәсжуду уә иләйкә нәсға уәнахфиду наржу рахмәтәкә уә нахшә азабәкә иннә азабәкә билкуффәри мулхик»

Мағынасы: «Әй, Аллаһым! Саған ғана құлшылық етеміз және сен үшін намаз оқимыз, әрі Саған ғана сәжде етеміз. Сен жаққа асығамыз. Мейіріміңнен үмітімізді үзбейміз, әрі азабыңнан қорқамыз. Шын мәнінде азабың қарсы болғандарға тән».

АЯТУЛ КУРСИ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ ۞ اللّهُ لاَ إِلَـهَ إِلاَّ هُوَ الْحَيُّ الْقَيُّومُ لاَ تَأْخُذُهُ سِنَةٌ وَلاَ نَوْمٌ لَّهُ مَا فِي السَّمَاوَاتِ وَمَا فِي الأَرْضِ مَن ذَا الَّذِي يَشْفَعُ عِنْدَهُ إِلاَّ بِإِذْنِهِ يَعْلَمُ مَا بَيْنَ أَيْدِيهِمْ وَمَا خَلْفَهُمْ وَلاَ يُحِيطُونَ بِشَيْءٍ مِّنْ عِلْمِهِ إِلاَّ بِمَا شَاء وَسِعَ كُرْسِيُّهُ السَّمَاوَاتِ وَالأَرْضَ وَلاَ يَؤُودُهُ حِفْظُهُمَا وَهُوَ الْعَلِيُّ الْعَظِيمُ

Бисмилләһир-рахмәнир-рахим

«Аллаһу лә иләһә илләһуәл хайюл қайум. Лә тәхузуһу синәтун уәлә нәум, ләһу мә фиссәмә уәти уәмә фил ард мән зәлләзи яшфәғу ғиндәһу илләә би-изниһ. Яғләму мә бәйнә әйдиһим уәмә халфәһум уәлә юхитунә би шәйим мин ғилмиһи илләә бимә шә. Уәсиғә курсийю һуссәмә уәти

уәл ард, уәлә я-удуһу хифзуһумә уәһуәл алийюл азим»

Мағынасы: «Бір Аллаһтан басқа Құдай жоқ; Ол мәңгі тірі әрі күллі болмыстың меңгерушісі; Ол қалғымайды да ұйықтамайды. Көк пен жердегілердің баршасы Аллаһқа тән; Оның құзырында кім оның рұқсатынсыз біреуге шапағат қыла алады? Аллаһ олардың алдындағы (пәни дүниедегі) істерін де, артындағы істерін де біліп тұрады. Олар Аллаһтың білдірген аяттарынан басқа ешнәрсені білмейді. Аллаһтың күрсісі (білімі) көк пен жерді түгел қамтиды. Көк пен жерді қорғау оған ауыр келмейді, Ол бәрінен жоғары, бәрінен ұлы»

ФАТИХА СҮРЕСІ:

Оқылуы: **Бисмилләһир рах-мәнир рахим.**

«Әлхамдулилләһи раббил аләмин. Әррахмәнир рахим. Мәлики йәумиддин. Ийәкә нәъбуду уә ийәкә нәстәъин. Иһдинәс сиратал мустәқим. Сиратал ләзинә әнъамтә аләйһим ғайрил мағдуби аләйһим уә ләддаллин»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1. Барлық мақтау бүкіл әлемдердің раббы Аллаһқа тән.
2. Аса қамқор, ерекше мейірімді.
3. Қиямет күнінің иесі.
4. Уа, Аллаһ! Саған ғана құлшылық етеміз, әрі Сенен ғана жәрдем тілейміз.
5. Бізді тура жолға сала гөр!
6. Ашуыңа ұшырағандар мен адасқандардың жолына емес, Өзің жарылқап, нығметке бөленгендердің жолына бастай гөр! **(Әмин).**

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيمِ

اَلْحَمْدُ لِلّٰهِ رَبِّ الْعَالَمِينَ ﴿٢﴾ الرَّحْمٰنِ الرَّحِيمِ ﴿٣﴾ مَالِكِ يَوْمِ الدِّينِ ﴿٤﴾ إِيَّاكَ نَعْبُدُ وَإِيَّاكَ نَسْتَعِينُ ﴿٥﴾ اِهْدِنَا الصِّرَاطَ الْمُسْتَقِيمَ ﴿٦﴾ صِرَاطَ الَّذِينَ أَنْعَمْتَ عَلَيْهِمْ غَيْرِ الْمَغْضُوبِ عَلَيْهِمْ وَلَا الضَّالِّينَ ﴿٧﴾

НАС СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ النَّاسِ﴿١﴾
مَلِكِ النَّاسِ﴿٢﴾ إِلَهِ النَّاسِ ﴿٣﴾
مِن شَرِّ الْوَسْوَاسِ الْخَنَّاسِ ﴿٤﴾
الَّذِي يُوَسْوِسُ فِي صُدُورِ
النَّاسِ﴿٥﴾ مِنَ الْجِنَّةِ وَ النَّاسِ ﴿٦﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рах-мәнир рахим.**

«Құл әъузу бираббин нәс. Мәликин нәс. Иләһин нәс. Мин шәррил уәс уәсил ханнәс. Әлләзи юуәс уису фи судуриннәс. Минәл жиннәти уәннәс.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1.(Әй, Мұхаммед!) Адамдар-дың Раббына.

2.Адамдардың патшасына.

3.Адамдардың Тәңіріне.

4.Сыбырлап азғырушының (шайтанның) кесірінен (сақта деп).

5.Ол адамдардың көкірегіне уәсуәсә салады.

6.Ол мейлі жыннан, мейлі адамзаттан болсын (ондай азғырушылардың кесірінен сақта деп Аллаһқа сиынамын) де.

ФӘЛАҚ СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ أَعُوذُ بِرَبِّ الْفَلَقِ ﴿١﴾ مِن شَرِّ
مَا خَلَقَ ﴿٢﴾ وَمِن شَرِّ غَاسِقٍ إِذَا
وَقَبَ ﴿٣﴾ وَمِن شَرِّ النَّفَّاثَاتِ فِي
الْعُقَدِ ﴿٤﴾ وَمِن شَرِّ حَاسِدٍ إِذَا
حَسَدَ ﴿٥﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рах-мәнир рахим.**

«Құл ағузу бираббил фәлақ, мин шәрримә халақ, уәмин-шәрри ғасиқин изә уәқаб, уә мин шаррин-нәффәсә тифил уқад, уәмин шар-риха сидин изә хасад».

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1.(Әй, Мұхаммед!) Арайлы таңның Раббына.

2.Жаратқан мақлұқтарыңның кесірінен.

3.Қараңғылық басқан сәтте, түннің кесірінен.

4.Түйіншектерге дем салатын жәдігөйлердің кесірінен.

5.Күншілдердің күндеген кездегі кесірінен (Аллаһқа) сиынамын де.

ЫҚЫЛАС СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ هُوَ اللَّهُ أَحَدٌ ﴿١﴾ اللَّهُ الصَّمَدُ ﴿٢﴾ لَمْ يَلِدْ وَلَمْ يُولَدْ ﴿٣﴾ وَلَمْ يَكُن لَّهُ كُفُوًا أَحَدٌ ﴿٤﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рах-мәнир рахим.**

«Құл һуаллаһу ахад. Аллаһус самәд. Ләм ялид уә ләм юләд. Уә ләм якул ләһу куфу ән әхад.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1.(Әй, Мұхаммед!) Оларға айт: Ол Аллаһ біреу-ақ.

2.Аллаһ мұңсыз. (Әр нәрсе оған мұқтаж).

3.Ол, тумады да, туылмады.

4.Әрі Оған ешнәрсе тең емес.

Жаманшылықтарданжәнетүрліқайғы-қасіреттерден сақтану үшін оқылатын сүрелер мен дұғалар

Ардақты Айша анамыздың (Аллаһ ол кісіден разы болсын) жеткізген хадисінде: «Пағамбарымыз (с.а.у.) ұйықтар алдында және басына түрлі бәлекеттер төнгенде үш рет ықылас, фәлақ және нас сүрелерін оқып жүзіне және бүкіл денесіне дем салған».

МӘСӘД СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

تَبَّتْ يَدَا أَبِي لَهَبٍ وَتَبَّ ﴿١﴾ مَا
أَغْنَى عَنْهُ مَالُهُ وَمَا كَسَبَ ﴿٢﴾
سَيَصْلَى نَاراً ذَاتَ لَهَبٍ ﴿٣﴾
وَامْرَأَتُهُ حَمَّالَةَ الْحَطَبِ ﴿٤﴾ فِي
جِيدِهَا حَبْلٌ مِّن مَّسَدٍ ﴿٥﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рахмәнир рахим.**

«Тәббәт йәдә әби ләһәбиу уә тәббі. Мә ағнә анһу мә луһу, уә мә кәсәб. Сәяслә нәран зәтә ләһәб. Уәмра әтуһу хаммә ләтәл хатаб. Фи жидиһә хаблум мим мәсәд.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1.Әбу Ләһәбтің екі қолы құрысын! Құрыды да.

2.Оның малы да, кәсібі де өзіне пайда бермеді.

3.Ол, жалындаған отқа кіреді.

4.Әйелі, отын көтеріп кіреді.

5.Оның мойнында есілген арқан болады.

НАСЫР СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِذَا جَاء نَصْرُ اللَّهِ وَالْفَتْحُ ﴿١﴾
وَرَأَيْتَ النَّاسَ يَدْخُلُونَ فِي دِينِ
اللَّهِ أَفْوَاجاً ﴿٢﴾ فَسَبِّحْ بِحَمْدِ
رَبِّكَ وَاسْتَغْفِرْهُ إِنَّهُ كَانَ تَوَّاباً ﴿٣﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рахмәнир рахим.**

«Изә жә әнасруллаһи уәл фәтх. Уә раәйтәннәсә ядхулунә фи динилләһи әфуәжә. Фәсәббих бихамди раббикә уәстәғфирһу. Иннәһу кәнә тәууәбә.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1. (Әй, Мұхаммед!) Аллаһтың жәрдемі мен жеңіс күні келген кезде.

2. Адамдардың, Аллаһтың дініне топ-тобымен кіргенін көресің.

3. Енді Раббыңды мақтай дәріптеп, одан жарылқау тіле. Негізінен Аллаһ, тәубені көп қабыл етуші.

КӘФИРУН СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

قُلْ يَا أَيُّهَا الْكَافِرُونَ ﴿١﴾ لَا
أَعْبُدُ مَا تَعْبُدُونَ ﴿٢﴾ وَلَا أَنتُمْ
عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٣﴾ وَلَا أَنَا
عَابِدٌ مَّا عَبَدتُّمْ ﴿٤﴾ وَلَا أَنتُمْ
عَابِدُونَ مَا أَعْبُدُ ﴿٥﴾ لَكُمْ
دِينُكُمْ وَلِيَ دِينِ ﴿٦﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рахмәнир рахим.**

«Құл я әйюһәл кәфирун. Лә аъбуду мә таъбудун. Уә лә әнтум аъбидунә мә аъбуд. Уә лә әнә аъбидум мә аъбадтум. Уә лә әнтум аъбидунә мә аъбуд. Ләкум динукум уә лиә дин.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1.(Әй, Мұхаммед!) Оларға айт: Әй, кәпірлер!

2.Сендердің табынғандарыңа табынбаймын.

3.Әрі сендер де менің құлшылық жасағаныма құлшылық етпейсіңдер.

4.Сірә мен де сендердің шоқынғандарыңа шоқынушы емеспін.

5.Сондай-ақ, сендер де менің құлшылық жасағаныма құлшылық етуші емессіңдер.

6.Сендердің діндерің өздеріңе, менің дінім өзіме.

КӘУСАР СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

إِنَّا أَعْطَيْنَاكَ الْكَوْثَرَ ﴿١﴾ فَصَلِّ لِرَبِّكَ وَانْحَرْ ﴿٢﴾ إِنَّ شَانِئَكَ هُوَ الأَبْتَرُ﴿٣﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рахмәнир рахим.**

«Иннә атайнәкәл кәусәр. Фәсалли лираббикә уәнхар. Иннә шәни-әкә һуәл әбтәр.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1.(Әй, Мұхаммед!) Шын мәнінде саған Кәусәрді бердік.

2.Сондықтан Раббың үшін намаз оқы, құрбан шал.

3.Расында дұшпаныңның өзі ұрпақсыз қалады.

МӘҒУН СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَرَأَيْتَ الَّذِي يُكَذِّبُ بِالدِّينِ ﴿١﴾
فَذَلِكَ الَّذِي يَدُعُّ الْيَتِيمَ ﴿٢﴾
وَلَا يَحُضُّ عَلَى طَعَامِ الْمِسْكِينِ
﴿٣﴾ فَوَيْلٌ لِّلْمُصَلِّينَ ﴿٤﴾ الَّذِينَ
هُمْ عَن صَلَاتِهِمْ سَاهُونَ﴿٥﴾
الَّذِينَ هُمْ يُرَاؤُونَ﴿٦﴾ وَيَمْنَعُونَ
الْمَاعُونَ﴿٧﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рахмәнир рахим.**

«Әра әйтәлләзи юкәззибу биддин. Фәзәликәлләзи ядуъ-ул ятим. Уә лә яхудду алә таъамил мискин. Фәуәйлул лил мусаллин. Әлләзинә һум ъан саләтиһим сәһун. Әлләзиинә һум юраун. Уә ямнәунәл мәъун.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын.

1.(Әй, Мұхаммед!) Дінді өтірікке шығарғанды көрдің бе?

2.Ол сондай бір жан: жетімді жәбірлейді.

3.Жоқ-жітікті тамақтандыруға құлық танытпайды.

4.Сондай намаз оқитындарға нендей өкініш!

5.Олар намаздарын немқұрайлы оқиды.

6.Көрер көзге атақ үшін оқиды.

7.Ұсақ түйек (түкке тұрмайтын тұтыным) заттарды (мысалы, балта, пышақ, күрек, ыдыс-аяқ, ине, жіп т.б.) бір-біріне бермейді.

ҚҰРАЙЫШ СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللّٰهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

لِإِيلَافِ قُرَيْشٍ ﴿١﴾ إِيلَافِهِمْ رِحْلَةَ الشِّتَاءِ وَالصَّيْفِ ﴿٢﴾ فَلْيَعْبُدُوا رَبَّ هَذَا الْبَيْتِ ﴿٣﴾ الَّذِي أَطْعَمَهُم مِّن جُوعٍ وَآمَنَهُم مِّنْ خَوْفٍ ﴿٤﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рахмәнир рахим.**

«Ли иләфи құрайш. Иләфиһим рихләтәшшитә и уәссайф. Фәляъбуду раббә һәзәл бәйт. Әлләзи әтъамәһум мин жуъин уә әмәнәһум мин хауф.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірмді Аллаһтың атымен бастаймын. 1.Құрайыштарға берілген жеңілдік үшін.

2.Олардың қыстық-жаздық сапарындағы жеңілдігі үшін.

3.Олар осы үйдің (Қағбаның) Раббысына құлшылық етсін.

4.Раббылары оларды ашаршылықта тамақтандырды және қауіп-қатерден қорғады.

ФИЛ СҮРЕСІ:

بِسْمِ اللَّهِ الرَّحْمَنِ الرَّحِيمِ

أَلَمْ تَرَ كَيْفَ فَعَلَ رَبُّكَ
بِأَصْحَابِ الْفِيلِ ﴿١﴾ أَلَمْ يَجْعَلْ
كَيْدَهُمْ فِي تَضْلِيلٍ ﴿٢﴾
وَأَرْسَلَ عَلَيْهِمْ طَيْرًا أَبَابِيلَ ﴿٣﴾
تَرْمِيهِم بِحِجَارَةٍ مِّن سِجِّيلٍ ﴿٤﴾
فَجَعَلَهُمْ كَعَصْفٍ مَّأْكُولٍ ﴿٥﴾

Оқылуы: **Бисмилләһир рахмәнир рахим.**

«Әләм тәра кәйфә фәьалә раббукә би әсхабил фил. Әләм яжъал кәйдәһум фи тәдлил. Уә әрсәлә ъаләйһим тайран әбәбил. Тәрмиһим бихижәратим мин сижжил. Фәжәъаләһум кәъасфим мә-кул.»

Мағынасы: Аса қамқор, ерекше мейірімді Аллаһтың атымен бастаймын. 1.Раббыңның піл иелеріне не істегенін көрмедің бе?

2.Олардың айлакерліктерін босқа жібермеді ме?

3.Оларға топ-топ құстарды жіберді.

4.Құстар оларға балшықтан жасалған тастар атты.

5.Сөйтіп оларды желінген топан тәрізді қылды.

М а з м ұ н ы


Лучший Пример - 1, 2, 3
Тасаввуф
На пике цивилизаций
История Пророков - 1, 2, 3, 4, 5
Последний Вздох
Мусульманский Календарь 2009
Земная жизнь и её блага
Истории из Корана
40 Хадисов в рассказах
Мои первые шаги
Исламское Вероучение
Основы Исламских Знаний
52 Пятничные Проповеди
Медицина Пророка
Ислам Вера Поклонение
Мухаммад Мустафа (сас)
Семейная Педагогика
Женщина в Исламе
Рассказы из уст нашего пророка
Жены Пророка
Учусь читать Коран
Дуа и Суры
Вакф Благотворительность Служение
Беседы с духовным наставником
Нравственность Мусульманина
40 Священных Хадисов
Учусь Тахарату и Намазу
Растения из садов Священного Корана
Тасаввуф и Тарикаты
Повседневная жизнь Пророка Мухаммада (с.а.с.)
Ислам
Рамадан и Пост
Курбан
Исповедь Сатаны
Истибра